Кафедра скрипки КазНУИ — исполнительский и педагогический коллектив, объединяющий скрипачей разных поколений, каждый из которых является продолжателем традиций не только советских музыкальных школ (московской, ленинградской, новосибирской), но и зарубежной и отечественной скрипичной школы XX-XXI века. Педагоги, опираясь на пятиступенчатую систему образования, создают ученикам возможности для их творческого роста и всесторонней исполнительской реализации, которые так же являются лауреатами национальных и международных конкурсов, концертирующими музыкантами в странах ближнего и дальнего зарубежья.

Преемственность и непрерывность обучения в колледже - ВУЗе определяет исключительную важность принципов координации и последовательности. Образовательная программа кафедры скрипки (на примере колледжа) Казахского национального университета искусств развивает отечественные педагогические традиции обучения, реализуя их в новых условиях непрерывной системы обучения.

Успехи исполнителей на международных, Республиканских конкурсах, победа юных дарований на состязаниях международного уровня – все это плоды замечательной скрипичной школы, сложившейся в Республике Казахстан.

Абдусадыкова Светлана Алиакпаровна была известным музыкантом и педагогом, которая сделала огромный вклад в развитие казахстанской скрипичной школы. Ее талант, энергия и преданность делу обучения музыки вдохновляли студентов и коллег на протяжении многих лет. Благодаря ее усилиям были укреплены традиции казахстанской скрипичной школы и созданы новые педагогические кадры, которые продолжают ее дело.

Она не только передавала свой музыкально-педагогический опыт, но и формировала личность учеников, помогая им развивать творческий потенциал и достигать высоких результатов.

О признании ее заслуг в области искусства и педагогики свидетельствуют присужденные ей награды и знаки отличия, такие как «Отличник просвещения КазССР», «За отличную работу в системе Министерства культуры КазССР».

Ее работа в Казахской национальной академии музыки была плодотворна подготовкой студентов-лауреатов различных международных конкурсов, таких как Международный конкурс «Шабьт», конкурса им. Демидова, Международный конкурс в г. Сан-Бартоломео (Италия).

Абатова Алма Абдракашевна – обладатель высших наград, почетных званий в области культуры Казахстана, таких как «Заслуженный деятель Республики Казахстан», «Отличник образования РК», нагрудная медаль «Ерен еңбегі үшін». В период, когда Алма Абдракашевна училась в Алма-Атинской государственной консерватории им. Курмангазы, которую же и окончила, она уже показывала отличные успехи в педагогическом и исполнительском плане.

Талант преподавания Алмы Абдракашевны заметила ее известный педагог, профессор Нина Михайловна Патрушева еще в годы учебы в консерватории, что определило ее большое будущее. Будучи студенткой 5 курса, известный дирижер Ренат Салаватов приглашает Алму Абдракашевну на работу в камерный оркестр Казахского радио и телевидения. Это еще раз доказывает о ее высоком мастерстве в овладении игрой на скрипке.

В течении 15 лет она преподавала в РССМШ им. К. Байсеитовой на отделении «Скрипки и альты» наряду с известными педагогами страны - В.С. Хесс, Н.М. Патрушева, Б.Л. Дубров, Т.П. Долженко, И.Х. Рахимова, которые формировали в Алме Абдракашевне лучшего наставника и педагога. Это помогло ей в становлении скрипичной школы в стенах молодого ВУЗа - Казахской национальной академии музыки.

Следует отметить то, что в 1988 году Алма Абдракашевна вместе с профессорами С.А. Абдусадыковой, Р.К. Мусахаджаевой создали кафедру скрипки КазНАМ почти с нуля. Приказом ректора А.К. Мусахаджаевой Алма Абатова была назначена на должность первого декана оркестрового факультета.

Благодаря менторингу Алме Абдракашевне ансамбль скрипачей «Айголек» принимает участие в различных международных фестивалях, успешно выступая в лучших концертных залах мира - Турции, Испании, США, России.

Алма Абдракашевна является автором «Программы по классу скрипки» [1] и сборника «Ласковые напевы. Хрестоматия педагогического репертуара на основе произведений композиторов Казахстана для скрипки и фортепиано» [2], редактором сборника «Шашу» [3], что значительно восполнило скрипичную музыкальную литературу Казахстана.

Мусахаджаева Райса Кожобековна – Заслуженный деятель РК, профессор, организатор международных и республиканских юношеских конкурсов. Воспитанница Нины Михайловны Патрушевой, обучавшая её в РССМШ им К. Байсеитовой и Алма-Атинской консерватории имени Курмангазы.

Блестящая подготовка и прекрасные данные скрипачки дали ей возможность получить направление в аспирантуру-стажировку Ленинградской государственной консерватории имени Н.А. Римского-Корсакова.

В Ленинградской консерватории Р. Мусахаджаева училась в классе профессоров М. Ваймана и М.М. Белякова [4]. Именно здесь Райса Кожобековна вдохновилась идеей быть педагогом.

Её работа в этом направлении началась в Карагандинской областной средней специальной музыкальной школе-десятилетке, затем в Карагандинском музыкальном училище. В связи с переездом в Алма-Ату, ее приглашают в РССМШИ для одаренных детей им. К. Байсеитовой и позднее Алматинскую государственную консерваторию им. Курмангазы.

Со дня открытия КазНАМ (ныне Казахский национальный университет искусств) она преподает в начальном, среднем звене и ВУЗе, где внесла огромный вклад в развитие скрипичного исполнительского искусства университета и, в целом, Казахстана.

Она воспитала большое число музыкантов-лауреатов и ведущих солистов-скрипачей, которые успешно работают в Казахстане и за рубежом. Помимо педагогической деятельности Райса Кожобековна активно занимается музыкально-общественной работой. Она известна как автор Альбома произведений для скрипки, редактор скрипичной партии сочинений малой формы, руководитель Научно-методического совета, разработчик научного проекта «Антология казахской скрипичной музыки».

Сеитова Зауре Искаховна – педагог, профессор, которая стоит в ряду первых педагогов-скрипачей Казахского национального университета искусств. Она продолжает традиции великих скрипачей-педагогов, таких как Айткеш Толганбаев, Вениамин Соломонович Хесс.

У Хесса она училась большую часть своей жизни - в РССМШ им. К. Байсеитовой, Алма-Атинской консерватории им. Курмангазы и там же в аспирантуре-стажировке.

Зауре Искаховна начинала свою деятельность сначала в РКСМШИ имени А. Жубанова, затем в Алма-Атинской консерватории в качестве преподавателя кафедры камерного ансамбля и квартета. Ее кандидатуру как высокопрофессионального педагога-скрипача рекомендовали (в числе дислоцированных педагогов) на кафедру скрипки. С первых дней открытия нового ВУЗа она работает преподавателем, затем профессором этой кафедры.

Можно сказать, что она является свидетелем становления академии наряду с такими преподавателями, как Р.К. Мусахаджаева, А.А. Абатова, Л.А. Санина, О.П. Заец, Т.Л. Артемова. В 2010 году она возглавила кафедру струнных инструментов КазНУИ. Помимо педагогической деятельности Зауре Искаховна занимается изданием научных работ, которые посвящены истории развития скрипичного исполнительского искусства.

В заключении хочется подчеркнуть важность роли профессорско-первопроходцев колледжа КазНУИ в формировании молодого поколения музыкантов, их огромное влияние на развитие музыкального образования и культуры, в частности, молодой столицы.

Список использованной литературы:

1. Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б. История кафедры скрипки. К 25-летию КазНУИ. – Астана: ЖК «Булатов А.Ж.», 2023. – 132 с.
2. Абдусадыкова С.А., Абатова А.А. Программа по струнным инструментам. Скрипка. - Алматы: ИИА «Айкос», 2000. – С. 6-28
3. Абдусадыкова С.А., Абатова А.А., Мусахаджаева Р.К. Ласковые напевы. Хрестоматия педагогического репертуара на основе произведений композиторов Казахстана для скрипки и фортепиано. – Алматы: НИЦ «Гылым», 2002 – 108 с.

К ВОПРОСУ О КОМПОЗИЦИИ «BRIDGE OF TIMES» А. РАИМКУЛОВОЙ

Джуматов Н., магистрант 2 курса, Казахский национальный университет искусств

Научный руководитель – к.п.н., доцент Досанова А.А.

Творчество известного казахского композитора, государственного деятеля Актоты Раимкуловой постоянно вызывает исследовательский интерес. Ее имя широко известно, как в Казахстане, так и далеко за пределами страны. Актота Раимкулова является членом Международного совета современной музыки (ISCM), обладает степенью доктора искусствоведения (присуждена в 2018 году). С 2018 года и до начала 2022 года она занимала пост министра культуры и спорта Республики Казахстан, являлась директором Государственной концертной организации «Казакконцерт» имени Розы Баглановой.

Круг охваченных композитором музыкальных жанров необычайно разнообразен – ее перу принадлежит около трехсот произведений: от инструментальных миниатюр до музыкально-театральных спектаклей, включая хоровую и симфоническую музыку. Важную часть творчества композитора составляют симфонические произведения, явившиеся важным вкладом в развитие национальной композиторской школы. К наиболее известным произведения А.Раимкуловой относятся: песня «Ел бакыты», кантата «Кокжал», «Appleofrease», симфонические поэмы «Толғау», «Дала сыры», «Жамиля», пьеса «Алатау» и другие. В этом кругу сочинений находятся инструментальные произведения с участием для виолончели: например, для компьютера и виолончели «Душа шамана», а также композиция «Bridge of times», которая в новой редакции прозвучала в составе виолончели, фортепиано и этно-группы «Туран». Последнее произведение стало объектом изучения в настоящей статье. Предметом изучения стала композиция произведения.

Основным направлением идейных и стилистических поисков А.Раимкуловой является объединение национального музыкального языка с собственным авторским стилем, а также с традициями европейской классики, современными композиторскими техниками и возможностями компьютерных

технологий. Вместе с тем композитор стремится найти новое звучание в области тембров и средств музыкальной выразительности. Творчество А. Раимкуловой получило исследование в ряде работ: это статьи А. Имашевой «На гребне волны (композитор А. Раимкулова)» [1], Ж.А. Кожахметовой «Проявление театральности в пьесе для виолончели с компьютером А. Раимкуловой» [2], В. Е. Недлиной «Толгау» и «Жамиля» Актоты Раимкуловой: к проблеме претворения кюевости в жанре симфонической поэмы» [3] и другие. В своей диссертации Недлина В.Е. относит творчество А.Раимкуловой к третьему стилевому направлению, называемому искусственно-синкретическому. И как считает автор «Диалог культур и эпох, синтез западного и национального начал она осуществляет через привлечение современных техник композиции: расширенного тонального мышления, сонористики, электронной музыки и др.» [4, С.192]. Таким образом, происходящий стилевой синтез происходит «в двух направлениях:

- адаптация традиционного тематизма и форм или их элементов в произведениях для европейских инструментов;
- привлечение тембров традиционных инструментов (реконструированных и аутентичных) как в соединении с европейскими, так и самих по себе (сольно, в ансамбле, в оркестре). Реконструкция некоторых инструментов (в первую очередь, наиболее распространённой домбры) была направлена на сохранение их своеобразного звукового колорита при максимальном приспособлении для нужд концертного музицирования [4, С.79].

Рассмотрим эти направления в контексте становления композиции «Bridge of times». Как уже было сказано выше, произведение прозвучало в исполнении с ансамблем «Туран», который был создан в 2008 году. В составе ансамбля - выпускники факультета народной музыки КНК им. Курмангазы. Исполнительство группы ориентированно на современный музыкальный театр в неоархаическом стиле. Основной идеей создания ансамбля послужило стремление воссоздать звучание старинных архаичных инструментов, поиск новых звучаний, способов воспроизведения и форм исполнения фольклорно-этнографических произведений. Образ дополняли костюмы древних воинов, в которые облачились участники. Благодаря внешнему антуражу, композициям, воссоздающим звучание древних архаических мотивов, ансамбль быстро завоевал известность, как в Казахстане, так и за рубежом.

«Bridge of times», это не первый проект А.Раимкуловой, созданный в сотрудничестве с группой «Туран». Композитор написала для этого коллектива такие произведения как кюи «Шабьт», «Толгау», а также включила ансамбль в партитуры балета «Козы Корпеш и Баян Сулу», оркестровых произведений, как «Ежелгі Тұран» для струнного оркестра и фольклорно-этнографического ансамбля и Симфоническая поэма «Жамиля»

К современным композиторским техникам Актоты проявила интерес еще в годы обучения в Алматинской консерватории (ныне Казахская национальная консерватория им. Курмангазы), которую она закончила в 1987 году по двум специальностям: фортепиано и композиция. После окончания консерватории и завершения ассистентуры-стажировки композитор много работает в жанрах

инструментальной музыки, изучает национальные исполнительские традиции. Она с бережностью обращается к звучанию казахских народных инструментов - домбры и кыл-кобыза, осваивает особенности музыкального языка кюя. Эти элементы нашли свое отражение в ее произведениях, таких как «Арал мұңы», «Тойбастар», «Алтыншаш», а также композициях «Шабыт», «Толгау» и других.

В произведении «Bridge of times», специально написанном для фестиваля Progetto Martha Argerich в Лугано (исполнялось в Швейцарии, в 2014 году), Актоты Раимкулова сочетает тембры инструментов разных культурных традиций: рояля, виолончели и казахских инструментов: кыл-кобыза (смычковый хордофон), домбры (щипковый хордофон), шаманского бубна с колотушкой (данғыр, иногда называют дабыл), металлического варгана (шанкобыза), а также вводит горловое пение. Казахские инструменты в одном случае создают звуковой фон, изображая, к примеру, вой ветра, в другом, – они проводят основной тематический материал.

Так, произведение начинается с трех серийных мотивов, проводимых фортепиано на фоне звукоподражания свисту ветра и волчьему вою (глиссандирование кыл-кобыза и виолончели). Мотивы не складываются в многоголосие, а перетекают из одного в другой, выстаивая одноголосную серию в звуковом пространстве струнных инструментов. Мелодия отсутствует, ее подменяют чередующиеся звуковые комплексы, образующие горизонтальный серийный ряд в ровной ритмической последовательности. Этот главный фактурный голос представляет собой первичный звуковысотный материал, из которого выводятся элементы, формирующие мелодическую ткань. Композитор, помещая серию в фактурный голос фортепиано демонстрирует ее интонационно-выразительный потенциал, таким образом, преподнося серию как основу будущей музыкальной ткани.

Вступление вводит в атмосферу 1 части, символизирующей древний музыкальный мир казахского народа. Композиция строится в соответствии с последовательностью времен: от древних истоков до современности. Таким образом, образуется связь времен через музыку. Основным средством выразительности в первой части неoarхаического направления становится тембр, а основными приемами – смешение тембров этнических и европейских музыкальных инструментов. Необходимо отметить, что, виолончель связана с приемами игры на инструменте кыл-кобызе и ее звучание ассоциируется не только с голосом баксы (шамана), но и, подобно кыл-кобызу, трактуется как ударный инструмент. Эти исполнительские элементы переданы приемами игры у подставки и за подставкой, флажолетами, необычным звукоизвлечением смычком и кистью. Возникает своего рода «тембровая мимикрия» – использование европейского инструмента виолончели «в роли» традиционного. При этом виолончель, мимикрируя под кобыз, сохраняет свой тембр, дополняя его выразительными исполнительскими возможностями инструмента кыл-кобыз. Тематический материал, созвучный интонация кобызовых кюев появляется в партии кылкобыза и виолончели на фоне выдержанных нот других инструментов (Andante). Затем кварто-квинтовые интонации проводятся в партии фортепиано. Эта же фортепианная тема в последующем будет

использоваться композитором в произведении «Crossroads», сочиненном специально для зарубежных гастролей этно-ансамбля. Постепенно, общее тематическое развитие растворяется в сонорных звучаниях, создаваемых флажолетами и глиссандированием кылкобыза, пиццикато домбры и звучанием шанкобыза.

Границы между частями ярко выражены. Так между первой и второй частью своеобразным разграничителем представляется звучание первого мотива серийной последовательности звуков.

Вторая часть (Allegro) вносит контраст как тематический, так и тембровый. Она посторена на кюе Казангапа «Ақжелең». В средней части резко ускоряется темп, усиливается динамика, ритм поддержан ударом бубна. «Ақжелең» Казангапа переносит нас в эпоху яркого расцвета инструментальной музыки. Великая степь наполнена музыкой великих казахских кюйши – Курмангазы, Даулеткерей, Казангапа, Дины и других.

Третья часть строится также на теме домбрового кюя. Здесь используется кюй А. Жайымова «Шаттанамы». Инициатива переходит к домбрам, шанкобызу и кыл-кобызу, исполняющим (при поддержке остальных инструментов) этот характерный и энергичный кюя ярко и выразительно. Эта часть, построенная на кюе современного композитора и дирижера А. Жайымова, является отражением современности.

Таким образом, все трехчастная композиция, отражая три разные исторические эпохи посредством музыки, образуют мост между временами. В музыке тема - Мост времен - может проявляться в использовании музыкальных мотивов и тем, которые отсылают к прошлым эпохам, и в то же время вплетаются в современные аранжировки и звучание. Рассмотренный выше стилевой плюрализм служил в конечном счёте целям создания многомерной картины мира в его прошлом и настоящем. Сам композитор видел в полистилистике в высшей степени «убедительное музыкальное средство для философского обоснования «связи времён». Разработанная им всеобъемлющая шкала стилевых модусов позволила со всей очевидностью установить эту «связь времён» и во всей полноте реализовать присущее художественному мышлению начала XXI века обострённое чувство исторической памяти. Возможно, именно в этом и состояло главное творческое завоевание композитора.

Список использованной литературы:

1. Имашева А.Т. На гребне волны: композитор А. Раимкулова / Родному вузу – наш талант: выпускники-композиторы: сб. ст. к 60-летию КНК им. Курмангазы, сост. А.С.Кетегенова. — Алматы 2005. С. 345-357.
2. Кожаметова Ж.А. «Проявление театральности в пьесе для виолончели с компьютером А. Раимкуловой») / Родному вузу – наш талант: выпускники-композиторы: сб. ст. к 60-летию КНК им. Курмангазы, сост. А.С.Кетегенова. — Алматы 2005. – С. 436-440.

3. Недлина В. Е. «Толгау» и «Жамиля» Актоты Раимкуловой: к проблеме претворения кюевости в жанре симфонической поэмы // Век науки и образования, № 10-12 (18-20), октябрь-декабрь 2010. – С. 158-167.

4. Недлина В. Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX-XXI столетий. Диссертация на соиск. канд. иск. - М., 2017. – 344 с.

ЕРМЕК ӨМІРОВТІҢ «АУЫЛ ТАБИҒАТЫ» УВЕРТИЮРАСЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

*Айдын Р., «Шертер» мамандығының 2 курс магистранты,
Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы
Ғылыми жетекшісі – Құрманғазы атындағы ҚҰК доценті,
өнертану кандидаты Бултбаева А.З.*

Қазақстанның заманауи композиторларының шығармашылығында ұлттық тарихи тақырыптар мен бейнелер, кеңістіктің дәстүрлі дүниетанымы қашан да жетекші орындардың бірін иеленеді. Осы бағытқа қызығушылықтан туындаған тағы бір ерекше шығарма – заманауи композитор, республикалық байқаулар мен фестивальдердің лауреаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, Композиторлар Одағының мүшесі, білікті маман, симфониялық және халық аспаптар оркестріне арналған шығармалардың, камералық-вокалдық жанрдағы туындылардың авторы Е. Өміровтің (1954ж) қазақ аспаптар оркестріне арналған – «Ауыл табиғаты» увертюрасы. Е. Өміровтің барлық шығармалары туған жерінің мәдениетіне, халық аспаптарының дыбыстарына деген сүйіспеншілікке толы. Халықтық және табиғат бейнелерін суреттеуге деген талпынысы да осыдан [1, 2-бет].

Е. Өміров ұзақ уақыт қазақ халық аспаптар оркестрінде жұмыс істегені белгілі. Қазақ күйлері мен әндерін оркестрге өңдеу, партитураларды зерделеу және көрнекті композиторлар – Н. Тілендиев, К. Күмісбеков, М. Маңғытаев сынды ұлы тұлғалармен қарым-қатынас жасау, оркестр құрамында қызмет ету – осының бәрі композитордың шығармашылығындағы басым тақырыптардың іріктелуіне, өз стилінің қалыптасуына ықпал етті. Осы кезеңде Е. Өміровтің Отырар сазы оркестріне арналған: «Ауыл табиғаты», «Қымыз той», «Шаттық елім», «Кұлыншақ», «Қанбақ шал», «Боташым», «Тасбақа жарыстары», «Мың жылқы», «Назым», «Кұсни-Қорлан», «Қара Торғай» атты халық әндері мен күйлерінің өңдеулері және оркестрлік күйлері дүниеге келе бастады.

Қазақ аспаптар оркестріне музыка жазуға деген қызығушылығы арта түскен композитор Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестріне «Арал» поэмасын; «Іле», «Ертіс», «Есіл» оркестрлік күйлерін; «Үш өзен», «Беласар», «Бурыл жорға» сюиталарын жазады.

Бұл тақырып симфониялық музыкада жалғасын табады. Симфониялық оркестр үшін Е. Өміров: «Дала сыры» симфониялық поэмасын; «Ауыл табиғаты» увертюрасын (3 редакциясы бар); «Тәуелсіздік таңы» симфониялық поэмасын; Т. Момбековтың «Мың жылқы», Құрманғазының «Көбік шашқан» атты күйлерін өңдеп, лайықтаған.

«Ауыл табиғаты» увертюрасын композитор 1982 жылы жазған. Бұл шығарманың үш түрлі өңдеуі бар. Соңғысы 2007 жылғы симфониялық оркестрге арналған редакция болды. «Батыс-еуропалық Увертюра жанры үшін дәстүрлі үш бөліктен тұратын композиция қарқыны (баяу-жылдам-баяу) қазақ музыкалық материалына негізделген. Жылдамдық қарама-қайшылық – жанрлық қарама-қайшылықпен еселене түседі» [2, 230-бет]. Увертюрадағы соңғы бөлім қарқыны жағынан баяу жүреді, бұл бөлімнің тақырыбы ән сипатына жақын. Ортаңғы бөлім – соңғы бөліммен салыстырғанда ауқымды, қарқынды, күй ырғағында жүреді және рондо тәрізді құрылымға ие.

«Ауыл табиғаты» увертюрасының кіріспе тақырыбын саз сырнай аспабы ашады. Кіріспе тақырыптың әуені шертер аспабының тоникалық секундасын “*piano*” (p) динамикасында тремоло штрихын қолдану арқылы өрбітіп, қарқындата түседі. Фон қызметін атқаратын бұл тақырыпқа домбыра мен қобыз аспаптары қосылады. Қобыз аспаптарындағы ладтық тірек “a-e-a” квинта үндестігінде жазылған. Осылайша, кіріспе тақырып оркестрдің сүйемелдеуіндегі саз сырнай аспабының әуенімен басталады.

Кіріспе тақырыбының әуені a-moll тоналдігінде, “*Andantino sostenuto*” қарқынында қайталанбайтын құрылым формасында жазылған. Мұнда бірінші сөйлем 6 такт, ал екінші сөйлем 1-такттіні қайталауының себебінен 7 тактіні құрайды. Кіріспе әуенінің екінші сөйлемі – даму тақырыбы.

Кіріспе әуенінің домбыра және қобыз тобының тоникалық дыбыстан квинтаның ладтық тірегіне тремоло штрихын қолдана отырып ауысуы (I және V басқыштар, “a-e” ноталары) шығарманы әсерлі әрі мұңды етеді. Бұл тақырыптық әуен тоқтағаннан кейін, сөйлемнің соңына қарай 1-ші және 2-ші сырнайларда I-ден V басқышқа он алтылық гамманы қолданып толқын тәрізді өрбіп, фригийлік “a” нотасына қайта оралады. Кіріспенің тақырыбы құстары әлсін әлсін естілетін жазық даланың бейнесін суреттейді (№1 мысал).

Ауыл табиғаты

Ермек Өміров

Andante sostenute - ♩ = 76

Fl. Саз сырн.
Обое
Сырнай 1,2
Сырнай 3,4
Прима
Шертер
Домбыра 1
Домбыра 2

№1 мысал

Кіріспенің 2-ші фразасында тақырыптық әуен саз сырнай және жетіген аспаптарында унисон орындалады (№2 Мысал).

Fl. Саз C
Жеті

№2 Мысал

Фон қызметін атқаратын, тремоло штрихындағы бірінші және екінші қобыздың тақырыптық әуенін, сегіздік ритміндегі кіші терция (к.3) интервалдық диапазонындағы остинаталық фраза өрбітеді. Әрі қарай, увертюраның негізгі тақырыбына көшеміз. Байланыстырушы буын – кіріспе тақырыбының әуеніне негізделген және оның дамуы арқылы масштабты экспозицияға ұласады.

1 сандық белгісінен бастап кіріспе тақырып “mezzo forte” (mf) динамикасында орындалып, дыбыс қатары күшеюіне байланысты толыққанды естіледі және сонымен бірге оның айқын күңгірт сипаты алдыңғы қатарға шығады (№3 мысал).

Fl. Саз C

№3 мысал

Әрі қарай, бұл тақырыптың осы фрагментінде алғаш рет он алтыншы-отыз екінші-төрттік ритміндегі күй ырғағы пайда болады. Ол ұрмалы аспаптар тобындағы барабанға жазылған. Бұл ырғақ – сырнай, альт және бас қобыз партиясындағы “a-d-e-a” кварто-секундалық үндестігінің сүйемелдеуімен орындалады. Кіріспе тақырыбының соңы біртіндеп “mezzo piano”-дан (mp) “forte” (f) динамикасына ұласады және “Allegro” қарқынында жүретін 2 сандық белгісінен ары қарай увертюраның орта бөлімі басталады, бұл – негізгі тақырыптың күй ырғағындағы көрінісі.

«Allegro» бөлімін “forte” (f) динамикасында орындалатын саз сырнай, сырнай, прима домбыра, шертер, бірінші және екінші қобыз, альт-қобыз, қыл-қобыз аспаптарындағы тоникалық-квинталық тіректің дыбыстары және домбыра, ұрмалы аспаптардағы екі он алтылық – екі сегіздікті құрайтын күй ритмі, сондай-ақ жетіген партиясындағы глиссандо ашады.

Увертюраның негізгі тақырыбы – жігерлі, қайратты. Ол біртұтас 7 тактіден тұратын құрылым түрінде жүреді. Екі он алтылық-сегіздік ритміндегі квинталық тіректен көмекші дыбыстар арқылы төменге құлдырап, он алтылық-төрттік ырғағын қолдана отырып V басқыштан I басқышқа дейін гамма арқылы жоғары бағыттағы қозғалысы увертюраның негізі болып табылады. Негізгі тақырыпты сырнай, прима, шертер және қобыз аспаптары орындайды.

Әрі қарай, тақырыптың бастапқы интонациясы сырнай, прима домбыра, шертер және қобыз тобы аспаптарында әр түрлі октавада естіледі, ал қайталау барысында бұл тақырыптық әуен домбыра партиясындағы күй ырғағының сүйемелдеуіндегі саз сырнай және бірінші қобыз аспаптарында орындалады. Тақырыптың келесі тактілерінде жоғары бағыттағы кварталық қарқынды қозғалыс тониканың 1-ші басқышына жетіп, гамма арқылы қайтадан төмен құлдырайды, сонымен қатар жоғарыда айтылған аспаптарда қайталанады.

Содан кейін, үшінші тактіден бастап негізгі әуен секвентті түрде терцияға төмен қайталанады. Дегенмен, оның қорытындысынан өзгеріс байқауға болады. Каденция ұзартылған төрттік-сегіздік-он алтылық-сегіздік-жартылық ырғағында орындалатын III-II-I-II-I басқыштарындағы әуенмен аяқталады (№4 мысал).



№4 мысал

Әрі қарай, тақырып әуезді түрде дәл қайталанады. Алайда, оның оркестрге өңдеуі вариантты түрде өзгерген. Енді тақырыптың басты әуені сырнай және екінші қобызда жүрсе, домбыра партиясының күй ырғағы арқылы сүйемелдеуі аясында бірінші қобыз және саз сырнай аспаптарында қайталанады.

4 сандық белгісінде саз сырнай, сырнай және қобыз тобының партияларында кіріспе тақырыптың негізінен құралған, төрттік-сегіздік ырғағында секунда интервалын пайдаланып, төмен бағыттағы қозғалыс арқылы жүретін және күй ырғағының фонында прима домбыра, шертер, домбыра партиясындағы “d-a-c” және “d-a-c-h” дыбыстарындағы үндестіктің таза кварта интервалына жоғары секвентті түрде қайталанатын байланыстырушы тақырып көрсетіледі.

Бірінші тақырыптың екінші фразасының дамуына осы бөлімнің байланыстырушы тақырыптық әуені, яғни увертюраның негізгі тақырыбына көшуі серпін болған. Әуезді желіні домбыра аспабындағы кварта-квинталық үндестіктегі күй ырғағының фонында сазсырнай, сырнай және қобыз тобының аспаптары орындайды. Бұл тақырыптың екінші бөлімін жетіген аспабындағы глиссандо және саз сырнай, сырнай аспаптарындағы трель штрихы аяқтайды.

5 және 6 сандық белгілерінде увертюраның негізгі тақырыбы қайта оралады. Бұл – увертюраның шарықтау шыңы. Мұнда алғашқы тақырыптың әуені “forte” динамикасында масштабты түрде дәл қайталанады. Оркестрге аспаптандыру тұрғысынан, 5 сандық белгісінде увертюраның негізгі тақырыбының әуені әр түрлі октавада және күй ырғағындағы кварто-квинталық үндестіктерімен сүйемелденген саз сырнай, сырнай, қобыз тобы аспаптарында унисон орындалады.

6 сандық белгісінде увертюраның негізгі тақырыбы әдеттегідей кварта-квинталық үндестігіндегі күй ырғағының сүйемелдеуінде тек бір октавада жазылған.

7 санына дейінгі екі тактіде жаңа эпизодтың әуені басталады. Онда V басқыштан I басқышқа дейін әуезді қозғалыс екінші, үшінші октавада ойналады және домбыра, шертер, домбыра прима аспаптарында 6/8 ырғағындағы “e-h-f” дыбыстарында орындалатын доминанталық квинта көрсетіледі.

Әрі қарай, әуен тек саз сырнай мен қобыз аспаптарында ғана орындалады. Ол прима домбырада күй ырғағындағы квинталық үндестіктің және “e-f-h-c” дыбыстарындағы секундалық тірек арқылы сүйемелдеуімен орындалады. Фрагменттің динамикасы “fortissimo” (ff) деңгейіне дейін артады. Мұнда әуен диапазоны екі октаваны құрайтын гамма тәрізді төмен және жоғары

қозғалыстарда жүреді және бұл даму бөлімі шығарманың шарықтау шегіне жеткізеді.

«Allegro assai» бөлімі "Fortissimo" (ff) динамикасымен басталады. Бұл увертюраның шарықтау шегіне дайындық ретінде жүреді. Саз сырнай мен қобыз аспаптарындағы екі октаваны құрайтын диапазонда жартылық ұзақтығымен орындалатын, жоғарыға өрбитін гамма тәрізді қозғалыс үшінші октаваның "с" нотасына дейін жетіп, және оның қайталануы – увертюраның негізгі тақырыбының шарықтау шегіне дайындық ретінде жазылған. Гамма тәріздес қозғалыс арқылы қол жеткізілген дыбыс – сырнай аспаптарының "с-d-g" кварта-секундалық үндестігінде, "d-g-c" кварталық күй ырғағының аясында орындалады. Бұл үндестікті домбыра тобының екінші тенор партиясындағы "с-с-h" және "с-d-g" дыбыстарынан тұратын остинаталық фигурасы сүйемелдейді.

«С» миксолидийлік ладында, 2 рет қайталану арқылы орындалатын увертюраның **8** сандық белгісіндегі негізгі тақырып – бұл туындының шарықтау шегінің орта бөлімі болып саналады.

Увертюраның негізгі тақырыбы домбыра және шертер аспаптарының «с-d-f-a» ноталарынан құралған SII2 аккорды күй ырғағындағы сүйемелденуімен саз сырнай, прима домбыра, қобыз партияларында жүреді.

9 сандық белгісінде негізгі тақырыптың әуені (рефрен) «a-moll» тональдігіне қайта оралады. Әрі қарай, әуезді қозғалыс терциялық басқыштар арқылы «C-dur» тоналдігіндегі квинта дыбысына жетіп, тақырыптың келесі фразасында осы әдісті қолдану арқылы төменге бағытталған қозғалыспен «a-moll» тоналдігінің бірінші басқышына келіп тоқтайды. Әдеттегідей, әуен желісі домбыра партиясының сүйемелдеуімен саз сырнай, сырнай, қобыз, прима домбыра аспаптарында жүреді.

10 және **11** сандық белгісінде увертюраның негізгі тақырыбы қайта оралады. Ол бірінші және екінші домбыра партиясында күй ырғағындағы квинталық үндестіктің және қобыз аспаптарының "a-a-g" және "a-h-e" дыбыстарынан остинаталық фигураны орындауы арқылы сүйемелдеуімен саз сырнай, сырнай, қобыз аспаптарында естіледі. Сонымен қатар, тақырыптың бастапқы интонациясы әр уақытта аспаптан аспапқа, яғни, қыл-қобыз, альт-қобыз, сырнай аспаптарынан бірінші және екінші қобыз, саз сырнайға ауысады.

Бірте-бірте дыбыс азаяды, динамика "mezzo forte" (mf) дейін төмендейді. **11** сандық белгісінде әуенді тек саз сырнай мен шертер унисон орындайды. Сүйемелдеу партиясы әдеттегідей домбыраға берілсе, ал остинат фигурасы бас қобызда естіледі. **11** сандық белгісінің соңына қарай екі тактіге созылған тониканың прима дыбысы бірте-бірте азаяды. Бірінші және екінші домбыраларда күй ырғағындағы квинта мен кварта интервалдары, сондай-ақ бас қобыз және бас домбыра партияларында остинат фигурасы қалады.

«Andante» қарқынындағы **12** сандық белгісінде кіріспе тақырыбының әуені қайта оралады. Ол сырнай партиясындағы тоникалық аккорд фонында домбыра, прима домбыра және шертер аспаптарындағы тониканың квинталық дыбысын тремоло штрихымен орындауынан басталады.

Бірінші және екінші қобыз партиясындағы «а» фригийлік ладында жоғары бағыттағы гамма тәріздес фраза кіріспе тақырыпқа әкеліп, байланыстырушы қызметін атқарады. Содан кейін бұл мотив қыл-қобыз бен альт-қобыз аспаптарында, ал үшінші рет – бірінші және екінші қобыз партиясында бір октавада естіледі. Оған домбыра, бірінші қобыз және бас қобыз партиясындағы төрттік және сегіздік ритміндегі пульсация ілеседі (№5 мысал).

The musical score consists of six staves. The top two staves are for Kobiz I and Kobiz II, both in treble clef. The third and fourth staves are for Qyl K and Alt K, both in treble clef. The fifth staff is for Bas K, in bass clef. The bottom staff is for K-B K, in bass clef. The score includes various musical notations such as notes, rests, and dynamic markings (mf, sf). Performance instructions like 'arco', 'pizz.', and 'gliss.' are also present.

№5 мысал

Кіріспе тақырыптың екінші сөйлеміндегі форшлаг ойнау барысын саз сырнай аспабымен қатар жетіген де орындайды. Увертюраның соңы «*pianissimo*» (pp) динамикасында саз сырнай, домбыра және қобыз аспаптарындағы тремоло штрихымен орындалатын тониканың бірінші дыбысымен аяқталады.

Осылайша, ұлттық материалға негізделген увертюра итальяндық: «жылдам-баяу-жылдам» емес, француздық «баяу-жылдам-баяу» увертюра үлгісіне сүйенеді. Үш бөлімді формадан тұратын увертюраның бірінші және соңғы бөлімдерін орта бөлімімен салыстыруға келмейді. Өте ауқымды жүретін орта бөлімнің әуені кіріспе және соңғы бөлімінің тақырыбының негізінде жазылған.

Е.Өміровтің «Ауыл табиғаты» увертюрасында үш бөлімділік пен рондо элементтері басым, мұнда күй ырғағындағы негізгі тақырып рефрен қызметін атқарады.

Мотивтердің варианттылығы және тақырыптық әуендердің интонациялық түрде өрбіп, дамуы – увертюраның негізгі сипаттамалар қатарына жатады. Әуендік желіде саз сырнай партиясының рөлі басым болғанымен, бірінші және екінші қобыз, шертер, прима домбыра, сырнай аспаптары да үлкен қызмет атқарады. Дәлірек айтсақ, сырнай және шертер аспаптарында гармонияны толықтыру және ладтық тірек, яғни сүйемелдеу функциясы белсенді қолданылады. Домбыра аспаптарының партиясы да негізінен сүйемелдеу функциясын атқарады.

Осылайша, ауқымдылық жағынан да, формалық әртүрлілік тұрғысынан да ең қолайлы жанр – оркестрлік музыка. Бұл жанрлық бағытты еліміздің әр кезеңіндегі композиторлар кеңінен қолданған. Оркестрлік музыка жанрының ауқымдылығы, оның ұлттық аспаптық пьеса – күй жанрымен жақындығына байланысты. Вариациялық принциппен дамитын бір бөлімді, рондолық немесе үш бөлімнен тұратын форма – құрылымның ең қолайлы элементі болды. Сондай-ақ, әртүрлі формалардың синтезі, ұлттық элементтерді еуропалық даму принциптерімен үйлестіру жиі кездеседі. Сонымен қатар, тақырыптық әуен, ырғақ, құрылымдық шешімдер тұрғысынан ұлттық принциптің үстемдігі байқалады. Е.Өміров ұлттық музыканың ерекшеліктері мен элементтеріне, яғни, әуен желісіне, ырғағы мен ладтық құрылымына сүйене отырып қайталанбас туындылар жазады.

«Ауыл табиғаты» увертюрасын талдау барысында композитор тарапынан келесі ерекшеліктерді байқадық:

1. Ұлттық тарихи тақырып пен дәстүрлі дүниетаным бейнелеріне қызығушылықтың тұрақтылығы;
2. Ұлттық аспаптық музыкадағы құрылымдық принциптері мен заманауи композиторлық әдістердің синтезіне сүйенуі;
3. Күй, рондолық, вариациялық, қарама-қайшы формалардың қалыптастырушы элементтеріне жүгінуі;
4. Секвентті түрде даму әдісін, қайталану және гамма тәрізді қозғалысты белсенді пайдалануы;
5. Қарапайым, тар көлемдегі тақырыптық интонацияны қолдануы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Характеристика Е.Умирова для прохождения по конкурсу. КНК им. Курмангазы. А., 2012. – 2 с.
2. Кокишева М.Т. Ермек Умиров // Қазақстан Композиторлары. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2017. – Б.223-232.
3. Джумакова У. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов: проблемы истории, смысла и ценности. – Астана: Фолиант, 2003.

АЙТЫСТАҒЫ ЖІБЕК БОЛТАНОВАНЫҢ МАҚАМ ЕРЕКШЕЛІГІ

***Манарбекова А., «Дәстүрлі жыр» мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, профессор Альпеисова Г.Т.***

Айтыс – импровизациялық жекпе-жек түрінде өтетін музыкалық-поэтикалық өнер сайысы. Айтыстың шығу тарихы жайлы жазылған еңбектерде оның ертеректе пайда болған түрлері жөнінде («бәдік», «жар-жар») нақты ақпараттар берілген. Біздің зерттеу мақаламызға негіз болған «қыз бен жігіт» айтысының алғашқы түрі үйлену тойының негізінде пайда болған «жар-жар»

айтысы екені мәлім. Кей деректерде «бәдік» айтысында да қыз бен жігіт арасындағы сөз жарысы көрініс тапқандығы жайлы ақпараттар бар [1].

Қыз бен жігіт арасындағы сөз сайысы айтыстың ең қызық әрі ең көп таралған түрі. Оның әуелгіде пайда болған түрлері мен жалпы сипаты жөнінде М.Ғабдуллин: «Бұл айтыс халықтың әдет-ғұрып салтына байланысты ойын-сауықтар кезінде айтылған және ол ойын-сауыққа жиналған жұртты көңілдендіру, күлдіру, ән мен өлең қызығына батыру негізінде туған. Мұның алғашқы үлгілерін белгілі ақын қыздар мен жігіттер шығарған», – десе [2, 26], Х.Досмұхамедұлы: «Ойын-сауықта, той-томалақта, т.б жастардың бас қосуы әдетте айтысқа, әсіресе қыз (жас келіншек) бен жігіт арасындағы өлеңмен сөз жарыстыруға ұласады. Әсіресе әйел затымен айтысқа түсіп, жеңілген жігіт масқараға ұшырап, күлкі мен мазаққа тап болады; тағы да айтысқа түсіп, біреуді жеңіп, бедел-абыройын қалпына келтіргенше ол бұдан құтыла алмайды», [3, 27] – деп сипат береді. Дәл осындай той-жиындарда, мерекелерде айтылатын болғасын, ол өлеңдер барынша жеңіл әрі тез жатталатын болған. Сондықтан да ғалымдарымыз қыз бен жігіт айтысының алғашқы түрлерін «жар-жар» айтысымен байланыстырып, оны мазмұндық, көлемдік жағынан әдет-салт айтыстарына жатқызса, кейінгі ақындар айтысы деңгейіне көтерілген түрлерін «қайымдасуға» жатқызады.

Қазақ қоғамында ақын қыздардың қай заманда да ерлерден гөрі аз болғандығы белгілі. Оны әр кезеңдегі әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлармен байланыстырамыз. Ақын қыздардың ел алдына ерлермен қатар шығып, таныла бастаған кезеңі ХІХ ғасыр. Бұл жөнінде С.Мұқанов: «ХІХ ғасырда ерлермен қатар аттары шыққан бірнеше қыздар бар, бұлардың бұрынғы қыздардан өзгешелігі – ақынның шеберлігімен ел арасында болған атақты айтыстарға қатынасқан, ол айтыстардың көбі бүгінге шейін сақталып келген. Мәселен: Біржан мен Сара, Ақсұлу мен Кеншімбай, Ақбала мен Боздақ, Ажар мен Уақит, Қадиша мен Ысқақ, Жүсіпбек пен Шөкей, Әсет пен Рысжан, Әжек пен Шәріпжамал, Болық пен Елентай, Айқын мен Жарылғасын, Омарқұл мен Тәбия, Күйкентай мен Оспантай, Мұса мен Манат, Мансұр мен Дәме, Ұлбике мен Күдері т.б», – дейді [4, 15].

Осы айтыстардың ішінде классикалық деңгейге көтеріліп, опера сахнасында да орындалып, көптеген ғалымдардың қызығушылығын туындатқан айтыс – «Біржан мен Сараның» айтысы. Бұл айтыс мазмұны жағынан да, тілдік-көркемдік ерекшелігі жағынан да, тарихи маңызы жағынан да үнемі қызу талқыға түскен шоқтығы биік сөз бәсекесі.

Осындай тарихи маңызға ие болған «қыз бен жігіт» айтысы қай заманда да өз мәнін жоғалтқан емес. ХХ ғасырдың аяғында Тәушен, Әселхан, Әсия, Алтынкүл, Жадыра, Ақмарал, Кәрима, Құралай, Айнұр, Сара сынды ақын қыздар айтыс сахнасына шығып, өз өңірінің намысын қорғады. Солардың ішінде өз мақамымен, ерекше болмысымен дараланып, айтысқа жаңалық боп келген ақын қыздардың бірі – Жібек Болтанова.

Жібек Болтанова Батыс Қазақстан облысы, Жалпақтал ауылының тумасы, республикалық айтыстардың жүлдегері, филология ғылымдарының кандидаты, «Мәдениет саласының үздігі». Анасы Баян Кабиева Ғарифолла

Құрманғалиевтің шәкірті. Анасынан Батыстың әндері мен термелерін тыңдап өскен Ж.Болтанова бала күнінен өнерге жақын болады. Оқушы кезінде 1-республикалық жыршы, термешілер байқауының лауреаты атанып, айтыс сахнасына алғашқы қадамын жасайды. Телевизиялық айтыста аты елге танылып, «Жайықтың Жібегі» атанады. Оның айтысқа әкелген жаңалығы ерекше мақамы мен «келіндік образы».

Ж.Болтанова көптеген республикалық айтыстардың жүлдегері атанған. Солардың ішінде Аманжол Әлтаевпен сөз сайысы көркем әрі мазмұнды болғандықтан, қыз бен жігіт айтыстарының ішінде ең жоғары деңгейдегі айтыс ретінде көпшіліктің есінде қалған. Аталмыш аламан 1997 жылы Алматы қаласында өткен. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған айтысқа Жамбыл облысынан Ә.Жанқұлиев, М.Тазабек, Жетісу өңірінен А.Бұлғақов, Ұлытаудан А.Әлтаев, Қостанайдан Ә.Беркенова секілді басқа да көптеген айтыскер ақындар қатысқан. Жыр додасында әр жұп бір-бірімен сүре айтыс жасап, тек бір жұп қана ақтық финалға өткен. Финалда Жамбыл облысының ақыны Мұхамеджан Тазабек пен Ұлытаулық Аманжол Әлтаев айтысып, бас жүлдені (автокөлік) Аманжол Әлтаев иеленген.

Аманжол ақын мен Жібек Болтанованың сөз сайысын қыз бен жігіт, оның ішінде аға мен қарындастың айтысына жатқызамыз. Басында екі ақын дәстүр бойынша бір-бірімен амандасып, хал-жай сұрасады. Ағасы қарындасын «жарыққа жаңа шыққан балапанға», қарындасы ағасын «көзін қан қаптаған қыранға» теңейді. Осылай басталған айтыста Аманжол ақын Жібекті аялап, Исатай мен Махамбеттің рухынан күш алған Жайықтың батыр қызы екендігін мақтанышпен айтады. Жібек ақын да қарсыласынан қарсы, жығып салатын артық күш байқамағандықтан, сый-құрметке алғыс білдіріп, Аманжол Әлтаевті Арқаның Біржанына теңейді. Сөз арасында астананың Алматыдан Астанаға ауысқаны, ел ішіндегі түрлі қоғамдық мәселелер де қозғалады.

Ақынның сахнаға шыққанда киім киісінен бастап, жүріс-тұрысы, өзін-өзі ұстауы, аспапта еркін ойнауы, сөз саптауы, дауысы, мақамы, барлығы өз болмысын ашуға, жеңіске жетуге жұмыс жасайды. Біз назарға алып отырған айтыста Аманжол Әлтаев мақам-сазымен, киім кию үлгісімен, сөз саптауымен, өлең өруімен Арқаның сал-серілерін елестетсе, Жібек Болтанованың айтысуынан Батыстың батыл мінезі, салмақты сөз аңғарылады. Оған қоса, ақындардың тұрмыстағы, отбасындағы рөлі де айтысқа айтарлықтай әсерін тигізеді. Бұл жөнінде Ж.Болтанованың өзі: «Сахна – шынайылықты талап ететін киелі орын. Менің сахнадағы образым – қазақ келінінің образы. Мұндай бейне айтыс сахнасында жиі кездеспейді, тіпті алғаш рет кездесіп тұр десем де болады. Қазақ келіні сахна сыртында қайын жұртына, күйеуіне қалай қызмет ететін болса, сахнаға да дәл сол бейнені алып шығады. Мен де сол кезеңдерде бір әулетке келін болып түсіп, бір шаңырақтан екінші шаңыраққа аттанған едім. Ол уақытта өте жас болғандықтан айтыс сахнасында ақындардың барлығы дерлік сұлулығымды сөз ететін. Алайда, келін болғандықтан олар әдептен озып, құрметсіздік таныта алмайтын. Бұл да бір ерекше тәрбиенің, қазақтың келінге деген сыйластығының белгісі шығар деп ойлаймын», - дейді. Расында да, сахнада ақынның қоғамдағы статусынан бөлек, отбасылық жағдайы да сөз

болатын кездер жиі кездеседі. Бұл ақынның жеке басына қатысты ақпарат деп есептелінгенімен, мұндай жеке бастың мәселелерін олар тек кемшілік ретінде емес, керісінше, бір-бірінің қандай лайықты жар, әулеттің сыйлы азаматы екендігін халық алдында мақтанышпен айту үшін пайдаланады. Бұл дәстүр арқылы ақындар қарапайым халыққа үлгі бола алады. Тарихта да ақындар бір-бірінің жеке басына қатысты көптеген ақпараттарды сөзге тиек етеді. Бұл бір жағынан тым артық көрінгенімен, екінші жағынан елдің қызығушылығын тудырады. Оны келістіріп айту үшін де ақынға асқан шеберлік қажет. Ретсіз айтылған сөздер болса, ақынның сөзден ұтылғандығын білдіреді.

Біз аталған сөз сайысының бесінші кезегіндегі Жібек Болтанованың айтқан шумағын назарға ала отырып, төмендегі өлең мәтінін қарастырдық:

Жібек Болтанова:

Бозторғай туған жерде самғайды ма,

Белесін, бетегесін таңдайды ма?

Жайықтың жаны жайсаң қариялары,

Өлеңді салып берген таңдайыма.

Қазағым, дін-аман боп жүріндерші,

Кездеспей қиындықтың қандайына.

Сендердің табаныңа кірген шөңге

Қадалсын мына менің маңдайыма [5, 24].

Ұсынылған үлгі 8 тармақтан құралған өлең жолы болып табылады. Өлеңнің бұл түрін тирада деп атауға болады, әдетте 4 жол бір шумаққа есептелсе, одан көбі тирадаға жатады. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған өлең жолдары аяқталған бір ойды білдіреді. Тирада аяқталғанша буын заңдылығы бұзылмаған. Әр тармақтың құрамында 3 бунақ: 3+4+4. Өлеңнің ұйқасы қара өлеңнің ААВА, ВАВА заңдылығына сәйкес келеді.

Өлең мазмұнына назар аударайық. Ақын қарсыласымен айтысу барысында ел, жер тақырыбында да ой қозғайды. Бұл өлең жолдарында Жібек Болтанованың Жайыққа деген махаббаты, өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігі айқын көрсетілген.

Шумақтың бірінші тармағындағы «бозторғай» сөзінің пайдаланылуы біздің қызығушылығымызды туындатты. Біріншіден, бозторғай құс қазақ дүниетанымында жақсылықтың, еркіндіктің, азаттықтың жаршысы ретінде танылған. Ол өз ұясының тыныштығын күні-түні күзететін тіршілік иесі. «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» деген сөз осыдан шықса керек. Бұл жердегі бозторғайдың бір бейнесі – еркіндіктің, азаттықтың, тыныштықтың символы.

Екіншіден, бозторғай әнші құс ретінде белгілі. Дәстүрлі ән өнерінде әнші өз дауысын, өзінің ішкі халін құстардың сайрағанымен, шырылдағанымен байланыстыратын тұстар көп кездеседі: «Бұлбұлмын дауысым көкте дамылдаған» (Әсеттің әні «Қысмет»), «Бозторғай шырылдайсың жерге түспей» (Кененнің әні «Бозторғай»). Бұл туралы «Нередко в своем самопредставлении әнші сравнивали тембр своего голоса с птичьим пением, отождествляя с ним ход творческого процесса, а также уподобляя птице свой внешний облик», - дейді А.Бердібай [6, 38].

Шумақты бастаушы алғашқы сөз арқылы айтылатын ойға кіріспе жасалады. Ақын өзін бозторғайға теңей отырып, туған жері Жайыққа деген махаббатын жеткізген. «Өлеңді салып берген таңдайыма» деген жолдың да ауыспалы мағынада қолданылып тұрғаны белгілі. Осы тіркестің көмегімен халқының өнерге келуіне тікелей ықпал жасағанын айта отырып, өз дарынын туған елінің қасиетімен байланыстырады. Әрі қарай осы ойды үзбестен ақын жалпы көпшілікке, жалпы халыққа тілегін білдіреді. Екінші шумақта Жібек Болтанова халыққа тілек айтады. Айтыстың соңғы кезегінде елге тілек айту қалыптасқан дәстүр болып табылады.

Бесінші тармақтан бастап ақын жалпы халыққа тілегін жеткізеді. Соңғы екі тармақта:

«Сендердің табаныңа кірген шөңге

Қадалсын мына менің маңдайыма», - деп түйіндейді. Бұл жердегі түйінді екі жол айтыс өлеңдеріндегі қалыптасқан дәстүрге сәйкес бастапқы тармақтардың айқындалуы, нақты соңғы нүктесі болып табылады.

«Сенің табаныңа кірген шөңге менің маңдайыма қадалсын» деген тұрақты тіркес қазақ әдебиетінде көбіне анасының перзентіне арнаған лебізі ретінде пайдаланылады. Осыдан анасы баласын жамандыққа қимайтынындай, Жібек ақынның да елін барлық жамандық атаулыдан қорғағысы келетін жанашырлық пейілін аңғарамыз (Шумақ басындағы бозторғайдың бейнесінде). Ақынның өзінен алынған сұхбатта ол бозторғайдың бейнесін өзі туған мекендегі Махамбеттің мына өлең жолдарымен байланыстырады:

«Аспандағы бозторғай

Бозанда болар ұясы.

Бозаңның түбін су алса,

Қайғыда болар анасы.

Қара лашын, ақ түйғын

Қайыңда болар ұясы.

Қайыңның басын жел соқса,

Қайғыда болар анасы,

Айланбастың Алатау

Бауырында болар саясы» [7, 76].

Осыдан Жібек Болтановаға өзінің елді мекеніндегі, өзінің туған өлкесіндегі ақындар мен батырлардың рухы, жырлары әсер еткен деп айтуға толық негіз бар. Өлеңнің мазмұнынан, ақынның айтқысы келген ойдан біз батыс өңірінің мінезін, рухын аңғарамыз. Бұл дүниелердің ақынның мақам-саз ерекшеліктерінің өзгеше болуына да әсерін тигізетіні сөзсіз.

«Бозторғай» сөзімен басталған алғашқы 3 буынды бунақ (боз-тор-ғай) жоғарғы регистрде «до» - дан басталып, «ми» дыбысымен аяқталады. Үлкен терция аясында секунда бойымен жоғары қарай көтеріледі. Мұндағы «ай» буынындағы соңғы «ми» дыбысы домбырада «ля-ми» тірегіне сәйкес келеді. Әуеннің басында мажорлы терция сатылары айтылғанымен «ля-ми» тірегі бұл фразаға минорлы бояу береді.

Бозторғай сөзінің соңғы буыны («ғай») «ай» одағай секілді әндетіп айтылады. Бұл дыбыс созылыңқы болғандықтан дауыстың кең ашылуына да ықпал беретінін байқаймыз:

13

Боз-тор - ға - а - а - ай

Екінші бунақ пен үшінші бунақтың ырғағы біркелкі «ре» нотасымен беріліп, ары қарай келесі жолға жалғасып кетеді. Осы екі бунақ 8 буынды, бірқалыпты құрылысты құрайды. Әуен «ре» дыбысынан басталып, «ми» дыбысымен бекітіледі. Үшінші бунақтағы «ғай» буыны қысқаша ұзақтықта әуендетіп айтылады. Осы тұста домбыра сүйемелінің тек 2-бунақтың басында ғана төменгі бір қағыспен тартылып, ары қарай тоқтайтынына баса назар аудару қажет:

ту - ған жер - де сам - ғай - ды ма

Шумақтың екінші жолының ырғағы біркелкі, мұндағы «ре» тұрақты дыбысқа айналады. Бірінші бунақтағы «ми» көмекші дыбыс ретінде ғана қолданылып, екінші, үшінші бунақта әуен «ре» дыбысымен бекітіледі. Бұл жолда да аспаптық сүйемел бір қағыспен тоқтап, речитация ретінде жалғасады.

Үшінші, төртінші жолдарда алдыңғы интонация қайталанатын, бірақ бір өзгешелігі «до» дыбысы қосылады. Бунақтар арасында үзіліс жоқ, тармақтың соңғы дыбысы созылыңқы дыбыс ұзақтығымен аяқталады. Аспаптық сүйемел әдеттегідей үшінші және төртінші жолдың бастапқы буынында көрініс береді. Бұл сүйемел осы жолдардағы әуен мен сөздің шарықтау шегіне өзіндік ықпал, күш беріп тұрғаны байқалады. Өлеңнің ең қуатты, айшықты, анықтауыш жолдары осы бөлік болып табылады. Ақын бұл жерде өз ойын тоқтаусыз жеткізгісі келеді, шабыттың ең биігіне, шырқау шыңына көтеріледі. Осы екпінмен өлеңнің соңғы тармақтарына өзі де іштей дайындалып, халықтың да назарын өзіне аударып үлгереді. Ақын барлық күшін дауысқа, сөзге салғандықтан, домбыра сүйемелінің рөлі тек бір қағыспен ғана шектеліп отырады. Осыдан сөздің (речитация) алға шыққанын аңғарамыз. Келесі бесінші, алтыншы тармақтар дәл осылай қайталанып, соңғы түйінге жалғасады.

Жетінші, сегізінші жолдарда қорытынды ой беріледі. Мұнда бунақ та, ырғақ та бөлінеді: 3+4+4. Алғашқы үш буынды бунақтағы мажорлы терция жоғары қарай қозғалып, «ми» дыбысымен бекітілген.

Екінші 4 буынды бунақта «до ре» дыбыстарымен басталған әуен «до» дыбысына жеткенде келесі бунақтағы әуенге дайындық ретінде кішігірім үзіліс жасалады.

Үшінші (4) буынды бунақтағы әуен алдыңғы бунақтағы дыбыстармен төменгі тоникаға келіп тоқтайды. Аккомпанемент, каденция ақынның өзіндік қолтаңбасын айқындап тұр. Әуенде төменгі тетрахордтың дыбыс қатары арқылы фригиялық ля минорға келіп тоқтап, бекітіледі. Ал аспаптық сүйемелде «ре ля» тірегінде аспап көмекші рөл атқарып, сүйемелдейді:



Айтыста мақам сөздің анық, толық, нақты айтылуына ықпал жасайды. Біз талдау жасап отырған мақам Жібек Болтанованың авторлық мақамы болғанымен, тікелей Ғарифолла Құрманғалиевтің стилінен, Батыс өңірінің әншілік дәстүрінен алыстамағаны байқалады. Себебі, әр адамға өзінің туып-өскен жерінің топырағы, тыңдап өскен ән, жыр-термелерінің әуендері тікелей әсер етеді. Ал айтыс ақыны үшін мақам таңдап, таңдалған мақамды өзінің болмысына, мінезіне лайықтап сахнаға алып шығу үлкен ізденісті талап ететіні сөзсіз.

Музыкалық жанр теориясының іргелі әдіснамалық негіздерін ашқандардың бірі – А.Сохор. Оның еңбегінде [2] музыкалық жанр өнер саласындағы басқа категориялардың (стиль, мазмұн, құрылым) қатарында ғана емес, сол сияқты өнердің әлеуметтік аспектілерімен тығыз байланысты қарастырылады.

Музыка саласында М. Бахтиннің әдебиеттану ғылымына енгізген жанрлық канон ұғымы кеңінен қолданылып келеді. Бұл ұғымды И.Земцовский орыс халқының дәстүрлі музыкасын зерттеу барысында кеңінен қолданған. Оның пікірінше, жанрды біртектес шығармалардың жиынтығы деп түсіну жеткіліксіз. Жанр деген ұғымды шығармалардың белгілі бір модель бойынша туындауы, дүниеге келуі деп қабылдау керек. Шығармалардың дүниеге келуіне түрткі болатын фактор – әлеуметтік-шығармашылық сұраныс. *«Жанр это не только «совокупность произведений известного типа», но и как «производство, продуцирование образцов такого типа по готовым моделям на основе социально-творческих стимулов»* – дейді И.Земцовский [3; 61-62 б.].

Музыкалық жанрлардың типологиясы А.Сохордың [2], В.Цуккерманның [5], Л.Мазельдің [6], С.Скребковтың [7], О.Соколовтың [8], В.Медушевскийдің [9] еңбектерінде қарастырылған. Жанрлық типологияны құруға қиыншылық тудыратын мәселелердің бірі – музыкалық-эволюциялық үрдіс. Әр тарихи кезеңде музыкалық жанрлардың қарым-қатынастары әр түрлі болатыны белгілі. Соған қоса ұлттық композиторлық мектептерді ескеру керек. Ұлттық музыкалық мәдениетте дәстүрлі және академиялық өнер өзара қатынасқа түспей қоймайды, соның нәтижесінде жанрлардың жаңа түрлері туындауы мүмкін (мәселен, симфониялық күй жанрын айтуға болады).

Музыкатану ғылымы қазіргі кезде А.Альшванг ұсынған «жанр арқылы қорыту» («обобщение через жанр») түсінігін кеңінен қолданып келеді. Шынында да, біз жанр дегенде көз алдымыға белгілі бір нақты құбылысты елестете аламыз. Бірақ ол құбылыстар әр түрлі саланы қамтиды. Мысалы, кейбір жанрлар адамның дене мүшесінің қозғалысын елестетсе (марш, би), басқалары эмоциялық көңіл-күйді білдіреді, немесе орындаушылардың құрамын көрсетеді (мәселен, квартет). Қорытатын нысандардың әр-түрлігі

олардың құрылымдарымен де тығыз байланысты. Кейбір жанрларды бір тыңдағаннан танысақ (мысалы, маршты немесе биді), басқалары арнайы музыкалық талдауды қажет етеді. Осыған қарап музыкалық шығармалардың барлық түрлерін қамти алатын универсалды жанр ұғымының жоқтығын айта аламыз.

Жанр категориясының осы кемшілігін жою мақсатында А.Сохор функционалды ұстанымды ұсынады. Жанрдың шығу тегі, оның өміршеңдігі мен қорыту нысаны қандай болмасын, ол ылғи да белгілі бір функция атқарады. Егер біз функцияны, немесе атқаратын рөлді кең мағынады алатын болсақ, қандай да бір жанр жалпы мәдениеттің сұранысын қамтамасыз етеді, және сол сұраныссыз дүниеге келе алмайды – дейді А.Сохор [2]. Сондықтан жанрды зерттеу ең алдымен оның музыкалық мәдениетпен, ал кеңірек алғанда – жалпы адамзаттың қызмет түрлерімен тығыз байланысын қарастыруды талап етеді. Ұсынылып отырған ұстаным музыкалық жанрлардың жалпы типологиясын құруға мүмкіндік береді. Жанрдың табиғатын зерттеу мен оның эстетикалық байланыстарын, жалпы көркем мәдениеттегі орнын анықтау – бұл бір мәселенің екі қыры, оларды бір бірінен ажыратып қарастыру мүмкін емес.

Музыканың барлық түрлерін «обиходный» және «преподносимый» деп бөлу де кей кездерде өз нәтижесін береді [2]. Бұл В.Цуккерманның «первичные» және «вторичные» жанры деген жіктеуіне сәйкес келеді [5].

Кейбір музыкатанушылар музыка өнерін аспаптық, вокалдық және аспаптық-вокалдық деп жіктеуді ұсынады. Бұл жағдайда олар музыка өнерінің шығу тегін алға тартады: вокалдық жанрлар адамның сөйлеу интонациясына сүйенсе, аспаптық жанрлар қандай да болмасын материалдық дыбыс шығару мүмкіндігін пайдаланады.

Сонымен, жанр дегеніміз музыкатану саласында ең кең таралған ұғымдардың бірі, қазіргі кезде оны қолданбайтын еңбектерді атап айту қиын. Соған қарамастан бұл ұғым соңына дейін зерттеліп аяқталмаған мәселелердің қатарына жатады деп айтуға болады, себебі үнемі пайда болып жатқан жаңа музыкалық құбылыстар мен жаңа туындылар бұл ұғымның жаңа қырын аша түседі.

Дәстүрлі қазақ музыкасына келер болсақ, бұл салада жанр категориясы азды-көпті зерттелген сияқты. Алғаш рет музыкалық жанрларды жүйеге келтіріп сипаттама берген – Б.Г.Ерзакович. Ол өзінің «Песенная культура казахского народа» [4] деген іргелі еңбегінде халық арасында орындалып жүрген әндермен қоса ұмыт болып кеткен жанрларды келтірген. Бұл жанрлық жүйе Қазақстандағы музыкалық фольклористика мен музыкатану ғылымының қалыптасып дамуына үлкен әсерін тигізді. Оның жасаған жүйесі осы күнге дейін зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып келеді.

Дегенмен, қазіргі кезде музыкалық фольклористика мен этномузыкатану ғылымының дамуы барысында Б.Ерзакович ұсынған жанрлық жүйенің кемшіліктері көріне бастады ¹⁹. Бұл кемшіліктер қазақ музыкасының

¹⁹ «Жанровая система казахского фольклора и профессионального искусства устной традиции на сегодняшний день известен. Фундаментальные труды А.Жубанова, Б.Ерзаковича, М.Ахметовой

материалына Ресей фольклористикасында қалыптасқан жанрлық жүйені сол қалпында көшіруден туындап отыр. Нәтижесінде, орыс музыкасының кейбір жанрлары қазақ музыкасының табиғатына жат келетінін танытты. Сондай жанрлардың қатарына «Еңбек әндерін» (*Трудовые песни*), «Күнтізбе әндерін» (*Календарные песни*), «Әлеуметтік наразы білдіру әндерін» (*Песни социального протеста*) жатқызуға болады.

А.Мухамбетова аталған еңбегінде Б.Ерзакович ұсынған жанрлық жүйені сынға ала тұра, «Еңбек әндері» туралы былай дейді: *«Собственно «трудовых песен» в том смысле, который придается этому термину исследователями земледельческого фольклора, у казахов почти не сохранилось. Имеющийся в монографии Б.Г.Ерзаковича раздел «Трудовые песни» содержит не трудовые, а песни самых различных, часто назидательных жанров, в тексте которых упоминается о труде»* [10; 68 б.].

Күнтізбе (*Календарные песни*) әндеріне келер болсақ, қазақтарда жылдың арнайы бір мезгілінде орындалатын әндердің бір ғана түрі бар – ол «Жарапазан». Жарапазан әні қазақ даласында ислам діні енгенге дейін Жыл басы – Наурыз мейрамында орындалған. Кейін ол Ораза айт кезінде де орындала бастады.

Сол сияқты әлеуметтік наразы білдіретін әндер де (*Песни социального протеста*) қазақ халқының тарихи-әлеуметтік жағдайына сай келмейтінін байқауға болады. Б.Ерзаковичтің осы жанрға мысал ретінде келтірген «Сыңсу» әнін, немесе Біржан салдың «Жанбота» әнін қоғамға наразылық білдіру жанрына жатқызудың ешқандай негізі жоқ. Сыңсу – ғұрыптық ән. Оны, қандай жағдайда болмасын, ұзатылған қыздың орындауы міндетті. Ал Біржанның «Жанботасы» болса, ол әншінің қоғамға қарсы шығуы немесе наразылық білдірген әні емес. Бұнда әнші өзінің жеке басына түскен әділетсіздікті баяндайды.

Домбыра музыкасының зерттеу тарихында төкпе күйлер жан-жақты қарастырылған деп айтуға болады. Атап айтсақ, олар құрылымы, әуендік-интонациялық, ладтық, фактуралық, мазмұндық-тақырыптық, бағдарламалық жағынан зерттелген. Десе де, домбыра музыкасының кейбір мәселелері әлі де болса толыққанды ашылмаған. Солардың қатарына «жанр» мәселесін жатқызуға болады. Қазіргі кезде орындаушылар мен зерттеушілер күйлерді жанрларға жіктеген кезде «лирикалық күй», «трагедиялық күй», «эпикалық күй», «күлдіргі күй» сияқты жалпы эстетикалық категорияларды қолданады, немесе, көп жағдайларда, жанр ретінде аттас күйлердің атауларын пайдаланады (Ақжелен, Байжұма, Балбырауын, Қос басар, Қоңыр т.б.).

Алғаш рет қазақ халық музыкасында, соның ішінде домбыра күйлерінде қолданылып жүрген жанрлық жүйенің мардымсыздығын атап, өзінің айрықша жүйесін ұсынған Асия Мухамбетова болды [10]. Бұл жүйенің айрықшылығы – жанрлық мәселені қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесімен байланыстыра қарастыруында. А.Мухамбетова Е.Г.Рабиновичтің *«Календарь является...*

П.Аравина воссоздают его с почти исчерпывающей полнотой. Однако системность его все еще остается в достаточной мере проблематичной» - дейді А.Мухамбетова [10; 76 б.].

организованной памятью культуры, ее наиболее универсальной характеристикой и формой самооценки» [11; 141 б.] деген ұстанымына сүйене отырып қазақтың мүшел деп аталатын 12 жылдық күнтізбесіне назар аударады²⁰.

Мүшел циклы 12 жылдық мерзімдерге бөлінетіні анық. Адам туылғанынан 12 жасқа дейінгі аралықты қамтитын бірінші мүшел балалық шақ деп аталады;

- екінші мүшел (13-тен 25 жасқа дейінгі аралық) – жастық шақ;

- үшінші мен төртінші мүшел (24-37 және 36-48 жас аралығы) – ересектер қатары;

- бесінші мүшел (48-ден 63 жасқа дейінгі аралық) кәрілік шақ, немесе ақсақалдар қатары деп аталады.

А.Мухамбетова қазақ музыкасының түрлері мен жанрларын осы жас ерекшеліктеріне сәйкес жіктеп көрсетеді. 1-12 жас аралығы балалық шақ болғандықтан олардың өмірі үй ішінде, үй маңында, ата-аналарының қасында өтеді. Сол себепті бірінші мүшелге балалардың өздері орындайтын әндері мен балаларға арналған әндер сәйкес келеді (*Әлди-әлди, Санамақ, Жаңылтпаш, Ертегілер* т.б.).

12-24 жас аралығында жастардың ойын-сауығы ауыл маңына ауысады, олардың репертауры: *Лирикалық әндер, Ақ сүйек ойыны, Қайым айтыс, Жұмбақ айтыс* т.б. Кәсіби өнер иелерінің ішінен жастардың сұранысын сал-серілер қамтамасыз етеді, сондықтан сал-серілердің репертуары көбінесе ғашықтық-лирикалық әндерден тұрады - дейді автор.

24-48 жас аралығындағы ересектер өз елінің, руының мүддесін қорғаған азаматтар ретінде танытады. Осы екі мүшел жасындағыларға ақындардың, жыршылардың термелері, жыр-толғаулары, домбырашылардың батылдық күйлері арналған.

Кәрілік жас – адам өміріндегі ерекше кезең. Аруақтар қатарына жақын тұрған ақсақалдар сый-құрметке бөленеді, жастарға ақыл-ой айтады, еліне жол сілтейді. Ақсақалдарға қобыз күйлері, домбыра күйлерінің кейбір жанрлары, жыраулардың жыр-толғаулары арналған.

Ойларын қорыта келе А.Мұхамбетова былай дейді: *«Каждая возрастная группа осваивает свой пласт духовной культуры, который входит в последующие уровни. Для традиционного, целостного человека освоить пласт культуры – это значит активно его прожить. Деление на культуру и жизнь неведомо традиционным обществам, в том числе и казахскому» [10; 86 б.]*

«Ориентация на возрастные группы сформировала не только тематику и содержание творчества профессиональных деятелей культуры. С возрастными группами и стереотипами их поведения прямо связано поведение

²⁰ *«Это – древнейший календарь, действующий уже несколько тысяч лет. У казахов он бытует в древнем, первозданной 12-60 летнем варианте и до принятия мусульманского календаря был основной системой исчисления времени... Функции календарного времени, опосредованные обрядово-трудовой деятельностью, определили системную основу казахской культуры, начиная с поведенческих стереотипов и кончая художественным творчеством» – дейді ғалым [10; 78-79 б.]*

салов и сере, акынов и жырау. Это поведение не ограничивалось только рамками артистической деятельности. Оно становится их образом жизни» [10; 88 б.].

Байқап тұрғанымыздай, бұл жүйеде фольклорлық әндер мен кәсіби өнер түрлерінің барлығы қамтылған. Соған қоса, зерттеуші кәсіби өнер өкілдерінің шығармашылығын бірнеше типке бөледі (*бақсылық тип, сал-серілік тип, жыраулық тип, сопылық тип*) және сол типтердің айрықша ерекшеліктерін көрсетеді.

Ғалымның келтірген жанрлық жүйесін әдіснамалық ұстаным деп түсінген жөн. Келешекте бұл жүйені дәстүрлі музыканың әр саласына (мәселен, вокалды және аспапты музыкаға, фольклорлық әндерге, халық кәсіби әндерге, күйлерге) қатысты нақтылауға болады. Домбыра музыкасына келер болсақ, күйлерді аймақтық ерекшеліктеріне сәйкес жанрларға жіктеп алып, сол жанрлардың құрылымын, әуендік-ладтық жүйесін, аппликатуралық, ырғақтық және тағы басқа ерекшеліктерін ашу қажеттілігі туындайды. Сонда ғана біз әр жанрға тән ерекшеліктерді анықтай аламыз. Жіктелген жанрларды қалай атау – ол маңызды мәселе емес. Ең бастысы – күйлерді жанрлық топтарға бөліп, солардың жанрлық көрсеткіштерін анықтау. Бұл бағытта А.Мухамбетова ұсынған жанрлық жүйе әдіснамалық жағынан нақты көмек бере алатыны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Омарова Г. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили. Автореф. на соиск. дисс. докт. иск. - Ташкент, 2012.
2. Сохор А.Н. Эстетическая природа жанра в музыке. М.: Музыка, 1968. – 104 с.
3. Земцовский И.И. К теории жанра в фольклоре // *Artes populares*. Budapest, 1985. – 21-42 с.
4. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа: музыкально-историческое исследование. Алма-Ата: Ғылым, 1966. – 402 с.
5. Цуккерман, В. Музыкальные жанры и основы музыкальных форм. М.: Музыка, 1964. – 159 с.
6. Мазель, Л.А. О природе и средствах музыки: теоретический очерк. М.: Музыка, 1991. – 79 с.
7. Скребков, С. С. Художественные принципы музыкальных стилей. М.: Музыка, 1973. – 448 с.
8. Соколов, О. В. Морфологическая система музыки и ее художественные жанры. Нижний Новгород: Изд-во ННГУ, 1994. – 220 с.
9. Медушевский, В.В. К проблеме сущности, эволюции и типологии музыкальных стилей // *Музыкальный современник*. – М., 1984. – Вып. 5.
10. Мухамбетова А.И. Календарь и жанровая система традиционной музыки казахов // *Казахский кюй*. Алматы: Дайк-Пресс. 2002. 76-101 с.
11. Рабинович Е.Г. Тип календаря и типология культуры // *Историко-астрономические исследования*. Т. 14. М., 1978.

ЖЕТІСУ ӨңІРІНІҢ ҰЛЫ КҮЙШІСІ ЖӘНЕ БАТЫРЫ

*Әрімбек А.К., «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, профессор
Альпеисова Г.Т.*

Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысында елеулі орын алатын дәстүрлі аспап - домбыра. Бармағынан бал тамған халық күйшісінің қолына тигенде, домбыраның үні құлақ құрышын қандырады, бұл кезде қос ішекке тіл біте сөйлейді. «Көшпелі жұрттың өмір серігі болған осы аспап қазақ халқының хатқа түспеген тарихының талай беттерін паш етеді», - деп Ахмет Қуанұлы Жұбанов домбыраның маңыздылығын атап кеткен [4, 110 б].

Домбыра - қазақ халық аспаптарының ішіндегі ең елеулісі. Әнші, жыршыларға қостаушы болып халықтың мұңын, қуанышын суреттейтін, ата-бабамыздың тарихын жырлайтын, ұрпақтан-ұрпаққа халық мұрасын жалғап келе жатқан аспап - домбыра. Халық күйшілері қасиетті домбыра арқылы өз заманының бейнесін, халықтың тұрмыс-тіршілігін, арманын, мұңын, күресін, қуанышын қазақ даласындағы сұлу табиғат құбылыстарын суреттейтін лирикалық, романтикалық, эпикалық, философиялық күйлерімен көрсете білді.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен әр кезде байланыста болатын күй өнері дәуір өткен сайын өркендеп, қанатын жайып келе жатыр. Халқымыздың қайталанбас асыл қазынасы болып есептелетін күйлер мындап саналады. Бұрынғы кезде күйді жазба дәстүріне түсірмей, қолдан-қолға үйреніп оны хаттамаса да, бүгінгі күнге дейін сырын жоғалтпай, қайта әрлене түсіп, ата-бабадан келешек ұрпаққа мұра болып келеді.

Қазақ күй өнеріне алып майталман күйшілеріміздің сіңірген еңбектері, күйлері, шығармалары бүгінгі таңда жан-жақты зерттеліп, жазылу үстінде. А.Жұбанов, А.Затаевич, Е.Брусиловский сынды тағы басқа өнер зерттеушілері бастаған келелі іс бұл күндері қанатын ХХ ғасырда тарих беттеріне кеңінен жайып, ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған тәуелсіз еліміздің әр азаматын өз халқының өткен тарихы, болашағы, мәдениеті мен әдебиеті, әдеп – ғұрпы, ұлттық құндылықтарының сақталуына үлкен жол ашты. Төл өнеріміздің келешегін жалғастырушы - жас буын мәдени мұраны жетік біліп, игеріп, сақтаумен бірге, оны шығармашылықта пайдаланып, ұлттық мәдениетімізді жаңғыртып, жаңартуы қажет.

Өнер – қазақ халқының рухани қазынасы, асыл мұрасы. Халықтың тағдыры мен тарихын, мұңы мен қуанышын сипаттайтын, адам жанына сыр, көңіліне жылу ұялататын, алпыс екі тамырын иітетін күй жанрының қазақ халқы үшін орны ерекше.

Қазақ халқының музыкалық мұрасы өте бай, бір жағынан көне сарынды қобыз және сыбызғы күйлері болса, екінші жағынан домбыра күйлерінің жалынды, адуынды, жылдам екпінді төкпе күйлері және сазды, ұстамды, жәй екпінді шертпе күйлерінің қазақ аспапты музыка мәдениетінде алатын орны

ерекше. Махамбет, Ұзақ, Құрманғазы, Тоқа, Тәттімбет, Қазанғап, Дәулеткерей, Сейтек, Мәмен, Дина сияқты күйшілер күй өнерін биік көркемдік деңгейге көтерген. Қазақтың төл өнері – күй жанры осы жоғарыда аталған ұлы күйшілерден бастау алады. Осы үрдісті кейінгі күйші аға буын жалғастырып, заманға сай дамытып, көркемдетіп, жаңа сатысының шырқау биігіне көтерген.

Еліміздің Жетісу өлкесінде ертедегі аңыз күйлермен қатар авторлары ұмыт болып, ел арасында сақталып қалған халық күйлері молынан кездеседі. Мысалы: «Аққу», «Аққудың зары», «Жеті атан – ерке атан», «Мұңлық – Зарлық», «Жетім қыз», «Жетім бала», «Жиренше шешен», «Тепеңкөк», «Шұбар кийік», «Ақсақ қыз» сияқты көне күйлер ерте дәуірлерден сыр шертеді. Тамырын тереңнен тартатын Жетісу күйшілік өнерінде, бергін келе, үлкен екі мектептің қалыптасқандығын байқаймыз. Бұл мектептер дәулескер күйші-композиторлар – Байсерке Құлышұлы және Қожеке Назарұлы есімдерімен тығыз байланысты.

Қожеке Назарұлы (1823, қазіргі Алматы облысы Райымбек ауданы, Қарқара аулында дүниеге келіп, 1881, ҚХР, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы, Қызылкүрке қаласы) — күйші-сазгер. Оның туындыларында төкпе, шертпе күйлердің белгілері араласып, айрықша мәнермен тартылады.

Қожекенің атасы Қасабай еліне сыйлы, сөзге шешен, танымал күйшілердің бірі болған. Қаршадайынан тізесіне отырып, домбырасына таласып жүретін немересі Қожекеге атасы оның 5-6 жасынан бастап домбыра үйрете бастайды. Қожеке домбыра үйренгенде күйшінің жанында отырып үйренбейтін болған. Ол домбыраның үнін алыстан немесе керегенің сыртынан тыңдап алып, оны күйшінің өзіне айнытпай шертіп береді екен. Талантты да, зерделі Қожеке өзге күйшілердің күйін тамылжыта орындаумен бірге, өз жанынан күй шығарып, дүйім жұртқа бала күйші атанады. Көзі ашық, көкірлегі ояу Қожеке ел ішіндегі көпті көрген, аузы дуалы, парасатты жандардан үлгі, өнеге, тәлім алады. Ол ойын да, бойын да, соларға қарап түзей бастайды. Кәрікұлақ қарттардың айтуынша, әкесі Назар ер көңілді, жомарт кісі болған. Қожеке де әкесінің осы қасиетін жоғары бағалап, өле-өлгенше жөнді мал жиып бай болайын демеген көрінеді, бірақ оның керісінше бала кезден өнерге бой ұрып, домбыраны серік еткен, сері, сауықшыл, досына адал, жайдары, ал қасына өрт тілмен, қатал мінезімен қарайтын, көңіліне симағанды бетің-жүзің демей айтып салатын адам болыпты. Қожеке күйші ғана емес, тілінен бал тамған шешен, елін бастаған көсем, халқын жаудан қорғаған батыр болған (Абай кз порталы).

Қожеке күйшінің өмір жолына қарап отырып, оның бойында үстемшіл билік өкілдерінің жауыздығына деген ыза – кегін аңғарамыз. Қожеке сол заманның қоғамдық болмысын күй тілімен шебер жырлаған. Қожеке атақты күйші Құрманғазыға замандас. Екі күйшінің туған, қайтыс болған жылдарының арасы бір мүшелге жетер – жетпестей ғана. Демек, екеуі де үстемшіл тап билеген кер заманның ащы зарын домбыра тілімен сөйлеткен, әділдік туын көтерген. Бір мысал, Құрманғазы Исатай – Махамбет бастаған көтерілісті бірден жақтап, қос батырдың халық үшін қан кешуге дайындалғанын ұлы серпіліс деп, әйгілі «Серпер» күйін шығарса, Қожеке байлыққа, мәнсапқа мас

болып шалқайған болыс – зеңгілерді шенеп, «Шалқайма» күйін шығарады. [1-37-38 бб.].

Текті өнер әлемін туған халқына сыйлаған, өмір - керуеннің қаһарлы толқындарын бастаған өткерген талан – дарын иелерінің тағдырлары да ұқсас бола ма деймін. Ұлы композитор, әлемдік музыканың биік шоқысы Құрманғазы Сағырбаевтың өмір жолына көз салып көріңіз. Оның 1838 жылға Исатай бастаған көтеріліске қатысқаны, «Исатайлап» әруақ шақырғаны үшін өз қарсыластарының қол көтеруі, қаныпезер Әубәкір секілді есердің жүргенсіз әрекеттерінен Орал түрмесіне тап болған сәттері еріксіз еске түседі, қайғыңды ұлғайтып, қапалы сезімде қалдырады. Бұдан кейін бұлқыныс пен буырқанысқа толы «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Бұқтым-бұқтым» күйлерінің тағдыр – тәлейі ойына оралады. («Ауыл» газеті, 12 бет, наурыз, 1994 ж)

XIX ғасырдың 60-жылдары басында, орыстар Қытайға қарсы дипломатиялық әдістер, әскери күшін көрсету, арандатулар сияқты небір әдіс-амалдарды қолданды. Алайда шекараны анықтау кезінде қытайлықтар орыстардан Қаратал өзеніне дейінгі жерлерді Қытай империясының иелігіне беруді талап етті. Орыстар көнбеген соң, Қытай жағы Зайсаннан бастап, Ыстықкөлге дейінгі аралықтағы бұрынғы шекара пикеттерін аралауға әскерін шығарып, шекара белгілерін қоя бас-тайды. Қытайлықтардың бұл әрекетіне тосқауыл қоюға орыс әкімшілігі штаб-капитан Блюменталь бастаған казактарды жібереді. Орыс әскерінің құрамында Тезек сұлтан бастаған қазақтар да болады. Құрамында 800 қытай, 300 қалмақ және Саурық биі бастаған 200 қазағы бар қытай әскері Қарқара өзенінің бойында орыс әскерін қоршап алады. Бірақ генштаб капитаны Проценко бастаған әскердің көмекке уақытында келуі орыстарды толық талқандалудан аман алып қалып, қытайлықтарды өз иелігіне қарай шегінуге мәжбүр етеді. Бұл жерде атап көрсететін мәселе, қытайлықтар мен орыстар жергілікті қазақтарды өз мүддесіне пайдалануға тырысты. Қытай жағы Саурық биді өздерімен бірге алып жүріп, Тезек сұлтанды орыстардан босатып алғысы келді. Себебі қытайлықтар осы екеуі арқылы тұрғылықты халықты орыс билігіне қарсы көтеруді көздесе, ал орыстар албандықтардың қытайды қолдап кету қаупі болғандықтан, Тезекті және тағы басқа ру басшыларын аманат ретінде алып жүрді. Оқиғаның қалай болғанын орыстың әскери шенеунігі И.Ф.Бабков өз еңбегінде былай деп жазады: «1862 жылы 800 әскері бар қытайдың генералы Хабцисянь Қарқара өзенінің бойында штаб-капитан Блюменталь басқарған орыстың азғантай әскерін қоршап алады. Қытайлықтар бұл шайқаста 200 қазағы бар би Саурықты өз мүддесіне пайдаланады. Олар орыс әскеріне барлық маңызды позицияларды бақылауға алады. Қытайлықтар бізге келетін пошта мен азық-түлікті басып алуға және біздің әскерде құрамында жүрген Тезек төрені босатып алуға барынша тырысып бақты. Бірақ орыс әскеріне көмек келе жатыр деген хабарды ести салысымен қытайлықтар барын тастай сала шегініп кетеді».

1862 жылы қыста Іле (Құлжа) басшылығы Ұлы жүз қазақтарына оның ішінде Албан руына Іле өзенінің солтүстігіне көшуіне рұқсат берді. XIX ғасырдың екінші жартысынан Жетісуға тізе батыра бастаған Ресейдің отаршыл саясатына бас имеген Қожеке 1862 жылы төрт жүздей үйді бастап, үдере

көшкен беті Текес өзенінің бойына келеді. Қожеке бастаған рулы елдің көшіп келуіне Қытай өкіметі де бейтарап қарамаған.

Қожеке Назарұлынан кейін 1871 жылы сәуірде Тазабек Пұсырманов 1000 түтіннен тұратын ауылымен Қытай асып кетті. Тазабек Пұсырманов беделді билердің бірі болған. Патша өкіметі қазақ қана емес, қырғыздар арасында да беделді, әрі танымал Тазабекті өз жағына тарту үшін және Үмбетәлі манап пен Тезек төре сияқты қазақ, қырғыз билеушілеріне қарсы пайдалануды көздеп әскери шен де берді, сый-сияпаттар да көрсетті. Бірақ Тазабек батыр оңайлықпен илікпеді, сондықтан орыс отаршыл билік орындарының қуғын-сүргініне ұшырады. 1871 жылы болыстыққа сайлауға түсіп, орыс әкімшілігі Құлжаға көшіп барғаны үшін оның кандидатурасын өткізбей тастайды. Оның үстіне қалмақтарды өлтіргендерді ұстап бермей, құтқарып қалды деп айыпталып, қуғынға ұшырайды.

1871 жылы 18 сәуірде Герасимов 32 казак және 1 урядниктен, 100 қазақтан тұратын отрядты бастап, Ақтоғай өзені маңындағы Мойнақ деген жерде орналасқан Тазабек ауылына жақындап келіп, Тазабектің отрядқа өз еркімен келуін талап етеді. Тазабек батыр жігіттерімен атқа қонып, орыс отрядына қарсы шабуылға шығады. Алғашқы кездесуде Тазабек батырдың жігіттері басым түседі. «Тазабек батырдың жасағы көріне сала отряд құрамындағы әр болыстан жиналған 300 жігіт аттарына міне сала әр жаққа бытырай қашып кетті. Ауылынай Жақыпты қуып жеткендер оған қылышпен және найзамен 13 жерден жарақат салды. Тазабектің жаяулы-атты 140 жігіті таңға дейін жасаған 3 шабуылына тойтарыс берілді» («Ана тілі» газеті).

«Жер жаннаты – Жетісу», - деп халқымыз бос айтпаған болар. Бұл өлкенің өзіндік қасиеті болса керек. Су бар жерде өмір бар дегендей, бұл аймаққа өткен ғасырларда көз тіккен шет, шекара аралас халықтар шапқыншылық, басып алу саясатын жүргізгенін, болашақ ұрпақтың жадында, санасында болуы хақ!

Қожеке Назарұлы – ХІХ ғасырда Тазабек, Саурықтармен бірге патшалық Ресейдің отарлау саясатына, одан кейін Қытай империясының аз ұлттарға жасаған қысымына қарсы көтерілістердің басы-қасында жүріп батыр атанған, сонымен бірге күйші-домбырашы ретінде даңқы шыққан, қазақ күй өнерінің өзіндік мектебін қалыптастырған тарихи тұлға.

Соңына жүзден астам (кей деректе екі жүз) күй қалдырған Қожеке 1823 жылы қазіргі Алматы облысы Кеген ауданының Қарқара жайлауында дүниеге келген. 1885 жылы әлеуметтік әділеттілік, ұлттық тәуелсіздік жолында күресіп өткен азат рухты күйшіні Қытай түрмесінің басшылары арқасын тас көмір шоғымен қарып, азаптап өлтіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Омарханов Қ. «Омархан күйші», Алматы, 2011. 37-38 б.
2. «Ауыл» газеті, наурыз, 1994 ж.
3. «Ана тілі» газеті
4. Жұбанов А. Ән - күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976 ж.
5. «Абай кз порталы»

СКРИПИЧНЫЕ ОРКЕСТРОВЫЕ ТРУДНОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ҚЫЗ ҚУУ» ТЛЕСА КАЖГАЛИЕВА

*Калелова Ж.Р., магистрант 2 курса специальности «Инструментальное исполнительство», Казахский национальный университет искусств
Научный руководитель – доктор искусствоведения,
профессор Жумабекова Д.Ж.*

Заслуженный деятель РК Тлес Кажгалиев – блистательный композитор с уникальным музыкальным чутьем. Его произведения захватывают слушателя и погружают в атмосферу ярких эмоций и переживаний. Т. Кажгалиев виртуозно владел оркестровым письмом, проявлял нестандартные композиционные решения.

Тлес Кажгалиев родился в 1949 году в Алма-Ате. Он принадлежал музыкальной семье. Его отец - Шамгон Кажгалиев, известный дирижер, а мать - Дамигуль Курдыбаева была пианисткой. В 1967 году он, окончив музыкальную школу им. Куляш Байсеитовой по классу фортепиано, поступает в МГК им. П.И. Чайковского в класс композиции профессора Михаила Чулаки, продолжателя традиции выдающегося Н.А. Римского-Корсакова [1].

Его музыку отличает свежесть идей, глубина и высокое техническое мастерство. Он донес свою музыку до сердец слушателей, воздействуя с помощью ярких музыкальных образов.

Музыкальный язык Тлеса Кажгалиева пропитан чувством современности в сочетании с национальным колоритом. Основные жанры его творчества – симфоническая музыка, камерно-инструментальные, вокально-симфонические произведения, музыка к кинофильмам и драматическим спектаклям.

Незавершенный балет «Степная легенда»²¹ (1988), написанный на либретто балетмейстера Заура Райбаева, является одним из значимых сочинений для казахстанской музыки. В основу сюжета легла древняя казахская легенда о несчастной любви Козы-Корпеш и Баян Сулу. Последняя часть сюиты представляет собой симфоническое скерцо «Қыз қуу» («Догони девушку»), часто звучащая как самостоятельная симфоническая картина.

9 декабря 2007 года Королевский филармонический оркестр Лондона под управлением Мариуса Стравинского включил пьесу Кажгалиева «Қыз қуу» в программу концерта к 16-летию независимости Казахстана. По его мнению, пьеса «полна красок и энергии, прекрасных, почти зримых звуков, будоражащих воображение, заставляя представлять группу молодых всадников, вольно скачущих через выметенную ветром бескрайнюю степь» [2]. И действительно, музыка наполнена энергией и красотами природы, что помогает

²¹ Двухактный Балет «Степная легенда» состоит из 4 частей. В оркестровой практике исполняются всего лишь четыре части.

слушателю зримо представить образ девушки и юноши, скачущих по бескрайней степи.

При исполнении симфонического произведения всегда возникают определенные оркестровые трудности для каждого инструмента, в частности, группы скрипок. Известно, что партии первой и второй скрипки в основном несут смысловую нагрузку в произведениях.

В «Кыз куу» нет особых технических сложностей для скрипачей, потому что к моменту написания данного сочинения Тлес Шамгонович уже «накопил» достаточно богатый опыт в написании музыки для симфонических и камерных произведений.

Вступление в Скерцо начинается с трелей в партии скрипок. Начиная с четвертого такта, нужно обратить внимание на интонацию гаммообразных пассажей.

Пример №1.

Проведение главной темы (ц. 1) у скрипок является достаточно неудобным местом. Это объясняется тем, что в нюансе форте необходимо держать напряжённо зализанную половинную длительность с восьмой вместе с последующими тремя восьмыми, исполняемых штрихом *spiccato*.

На практике тяжело добиться синхронного звучания в этом месте у скрипок. Многие профессиональные и опытные коллективы добиваются здесь единого звучания, выполняя следующее: половинную ноту играют немного укорачивая (как бы через люфт), тем самым незначительно останавливают смычок в удобном положении, чтобы сыграть дальнейшее *spiccato* в ансамбле со всей группой.

Пример №2.



Во второй цифре встречается аналогичный случай, но здесь игра отличается тем, что звучит она на баске, с насыщенным тоном как отзвук, поэтому здесь нет надобности использовать перенос смычка.

Пример №3.



В ц. 5 есть небольшая сложность – в точности попадания при переходе и исполнения двойных нот *divisi*

Пример №4.



В ц. 9 у группы скрипок снова встречается неудобное место в плане ансамбля. Ее начальное проведение играют штрихом ближе к *saltando*. Как правило, это место у многих получается недостаточно чётко. Поэтому, чтобы добиться более точного исполнения данного эпизода опытные оркестранты советуют после триолей с акцентом играть четвертную длительность вверх смычком. Таким образом сохраняется ритмическая основа у всей группы скрипок.

Пример №5.



В заключении следует отметить, что мастерство композитора, его большой опыт и постоянные консультации с ведущими скрипачами-исполнителями в итоге привело к тому, что у него было высокое понимание скрипичной техники игры. И, в связи с этим, скерцо «Қыз қуу» является очень удобным для исполнения, несмотря на очень быстрый темп *Presto con brio*, и динамическую насыщенность.

Список использованной литературы:

1. Тлеубергенов А. Неиссякаемая жажда творчества // Мысль, 21 июля 2014 года. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/2951>
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/Кажгалиев_Тлес_Шамгонович
3. Книжная выставка «Одаренный композитор», посвященная 70-летию Тлеса Шамгоновича Кажгалиева // https://nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1233:knizhnaya-vystavka-odarenniy-kompozitor-posvyashchennaya-70-letiyu-tlesa-shamgonovicha-kazhgaliyeva&catid=34&lang=ru&Itemid=127

XX-XXI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СКРИПКА МЕКТЕБІ

**Сеитбек М.Д., «Аспаптық орындаушылық» мамандығының 1 курс магистранты, Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану ғылымдарының докторы,
профессор Жұмабекова Д.Ж.**

Жаһандану дәуірінде Қазақстанның музыка өнері қарқынды түрде дамып, кең қанат жайды. Қазақ елі егемендігін алып жеке мемлекет ретінде дамып қалыптаса бастауымен бірге қазақ музыка өнері де қарқынды даму жолына түсті. Қазіргі таңда қазақ музыка өнерінің бекзат саласының біріне айналған скрипка өнері өзінің даму сатысында Орта Азия өңірінде салмақты орны бар, биік белестерге көтеріле алған көшбасшы ретінде танылып отыр.

Ресей мемлекетінің ірі қалалары Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі музыканың байырғы білім ордасы болған консерваторияларының ең үздік дәстүрлерін жинақтап меңгерген Қазақ музыка өнерінің үнемі даму өсу үстінде болғанын ерекше атай аламыз. Соның бірі де бірегейі Қазақстан скрипка өнер мектебі.

Қазақстандағы скрипка өнерінің қарқынды және өркениетті дамуы жиырма бірінші ғасырдың басынан басталып қазіргі таңға дейін өте биік белестерді бағындырды. Тәуелсіз Қазақстанның әлемге әйгілі скрипкашылары Айман Мұсақожаева, Марат Бисенғалиев, Гауһар Мырзабекова, Асқар Дүйсенбаев, Ержан Кулибаев, Қаламқас Жұмабаева, Ордабек Дүйсен, Владимир Дё тағы басқалары өздерінің жоғары кәсіби деңгейлері мен шыңдалған орындау шеберліктерін шетелдегі бүкіл әлемдік сахналарда орындап, Қазақстан мемлекетінің музыка өнерін дүние жүзіне паш етуде.

Қазақ скрипка өнер мектебінің даму жолын өте ұзақ үздіксіз творчестволық үрдіс ретінде қарастыруға болады.

Шетелдің, кеңестік дәуірдің бай музыкалық білім қоржынының нәтижесінде Қазақстанда кәсіби скрипка мектебінің негізі қаланды.

Еліміздің отандық музыка-скрипка өнерінің дамуы мен қалыптасуына сүбелі үлес қосқан орыс скрипка өнері мен бұрынғы кеңестік музыка жүйесі екенін айшықтап атап айтар едім.

Еліміздің скрипка мектебінің дамуына еңбегін сіңіріп, аямай тер төккен кеңестік дәуір музыканттары, өнер қайраткерлері, кейіннен қазақ скрипка өнерінің майталмандары болған ұлағатты музыка ұстаздары, ЖОО-ғы профессорлық құрам болған Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының ұстаздары: Вениамин Соломонович Хесс, Нина Михайловна Патрушева, ҚР еңбек сіңірген артисі, профессор Иосиф Бенедиктович Коганның есімдерін биік деңгейде мақтанышпен атаймыз.

Осындай талантты музыкант-ұстаздар қазақ скрипка өнерінің көркемдік және техникалық дамуына, скрипка кадрларын даярлауда, Республикалық Халықаралық конкурстардың қатысушыларын, талантты лауреаттарды даярлап шығаруда аянбай еңбек етіп, көптеген талантты жастардың жұлдызын жақты. Қазіргі таңда еліміздің жастары музыка өнеріне, концерттік орындаушылық, скрипач-педагог мамандығына деген ықыластары арта түсіп, скрипка өнерін бағалай білуі бүгінгі таңда актуальды ықпалға айналғанын сызып айта аламын.

Қазақстан скрипка өнерінің орындаушылық қабілетінің өсуі бүгінде тек отандық композиторларды ғана емес, шетел композиторларының көңілін аударуда, нәтижесінде әлемдік музыка өміріне керемет жарқын туындылар келуде.

Көрнекті скрипкашылардың жемісті еңбектерінің арқасында музыканың әлем деңгейінде жоғары бағаланатын жеке орындаушылық, камералық орындаушылық, педагогика, оркестрлік орындау скрипка партияларын редакциялау жаңа композиторлық шығармалар, музыкалық оқулықтар топтамасы, ғылыми әдістемелік құралдар, қазақ скрипка хрестоматиясы, қазақ ұлттық күйлері мен әндерін орындау, скрипкашылар ансамблі сияқты скрипка өнерінің қажетті салалары мен бөлімдері қалыптасты.

Осылай қалыптасу скрипка өнер мектебіне үлкен табыс әкелді. Әсіресе мол білім жинақтай алған Педагогика саласы, жоғары деңгейдегі орындаушылық қабілет және талантты композиторлық еңбектер жиынтығы бас құраған Қазақстан скрипка мектебі Біріккен Ажырамас Көркемдік (БАК) жүйені қалыптастырды.

Қазіргі таңда бұл үш сала Қазақстан скрипка мектебін өте биік деңгейге көтергенін баршамыз мойындаймыз. Ал бұл дәлелдемелер қазақ скрипка мектебінің отандық және халықаралық музыка әлеміне жол ашатынын жаңа белестерді бағындыратынын үлкен табыстарға қол жеткізудің айқын белгісі болып табылады.

Скрипка мектебінің негізін қалаушылар.

1930-1940 жылдарда Қазақстанда өнер саласының қарқынды дамуына алыс-жақын шетелдерден келіп өнердің дамуына зор үлес қосқан ғалым-ұстаздың еңбегіне тоқталайық. Қазақстандағы скрипка мектебінің кең көлемде қанат жайып дамуына зор үлесін қосқан музыкант-ғалымдар қатарына Петербург ғалымдарының еңбегін айрықша атауға болады.

И.А. Лессман (Л.С. Ауэрдің шәкірті), Г.И. Танский (Н.О. Налбандянның шәкірті), Е.П.Антопольский (Э.Э. Крюгердің шәкірті), И.Б. Коган, К.Г. Брюкнерлердің атқарған жұмыстарын айтуға болады.

Осы ғалымдардың күшімен 1944 жылы Алматы қаласында, Құрманғазы атындағы консерваторияда скрипка мектебінің негізі қаланып, 1932 жылы осы аталған қаладағы – музыкалық театрда мамандандырылған скрипкашыларды дайындаудағы сапалы жұмыстар басталған еді.

Мамандандырылған скрипкашылар даярлау саласында, Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз, профессор, Қазақстан скрипка мектебінің негізін салушылардың бірі В.С.Хесс еді.

В.С. Хесс білікті маман ретінде Москва скрипка мектептерінің озық тәжірибелерін пайдалана отырып Қазақстан скрипка мектебін қалыптастыруға айрықша еңбек сіңірді, үлкен мектептен өткен өз тәжірибесін шебер пайдаланды. Қазақстанда өнер саласының дамуы туралы қолжазбаларда В.С.Хесстің, көрнекті педагог, қажырлы-қайратты мінезімен ерекшеленген жеке тұлға, талантты басқарушы, табанды жетекші тұлға болғанын байқаймыз.



Замандастарының айтуы бойынша В.С. Хесс Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының 100-жылдық тарихының айрықша орны бар ғалым. 100 жылдан астам уақыт өтсе де В.С.Хесстің скрипка саласында қалдырған ізі, оның талантты шәкірттері арқылы Қазақстанның әр түкпіріндегі музыка ошақтарында сайрап жатыр. Көрнекті ғалым қалдырған мол мұра бүгінде Қазақстанның барлық скрипка мектептерінде ерекше құлшыныспен пайдаланылуда. Сондықтан В.С.Хесстің еңбегін бүгінде Қазақстан скрипка өнерін жалғастырушылар табиғаттың берген керемет сыйы ретінде қабылдап отыр. В.С.Хесстің Москва-Петербург музыка ошақтарында жинақтаған мол тәжірибесі Қазақстан скрипка мектебінде қанат жайып, нақ қалыптасты. Қазақстан өнер саласының даму тарихында осылайша өшпес із қалдырды.

В.С. Хесстің ерекше тұлға екенін растайтын тек Москва-Петербург мектептерінің мол тәжірибесі ғана емес, өзі қызмет еткен мемлекеттің ұлт ретіндегі ерекшеліктеріне терең мән беріп, ұлттық аспап домбыраға үлкен құрметпен қарап, оны шәкірттерінің зейініне білім арқылы құя отырып, өнердің ұлттық нақыштарын өзіндегі терең білімімен үйлестірді. Әсіресе қазақ өнеріндегі дәстүрлі лирикалық әуезді түсіну, аспаптарды оркестрде ойнаудағы нәзік дыбыстардың (домбыра және скрипка) үйлесімі сияқты түсініктерді айрықша музыкалық сезіммен қабылдауы музыканттың талантты өнер иесі екенін дәлелдейді.

Бір ғана мысал: В.С. Хесс оркестрде қазақтың домбырада ойнаудағы саусақ ұшы арқылы орындалатын шертпе өнерін дөп түсіп пайдаланып, оны оркестрде батыс өнерін дүние жүзіне паш еткен, өнердің бекзат саласы скрипкамен ұштастыруды шебер іске асырған талантты музыкант ретінде Қазақстан скрипка өнерінің тарихында мәңгіге орын алды.



В.С. Хесс туралы мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болатынын қазақ музыка өнерінің тарихынан, қолжазбалардан жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар В.С.Хесс, балалар ансамблын құруда да үлкен еңбек жасады. Ансамбльде ойнаған баланың музыка саласындағы тәртіпті сақтайтынын, әріптесін тыңдай білуге үйрететінін ерте болжаған ғалым бұл салада да көп жетістіктерге жетті. Жас музыканттарды ансамбльде ойнауға тәрбиелеген ұстаз жас жеткінштерді үлкен сахналарда топпен өнер көрсетуге болатынын және бұл салада үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болатынын дәлелдеп кетті.

В.С. Хесс жетекшілік еткен осындай жас жеткіншектер ансамблы бірнеше топтар әлденеше рет үкімет алдында өнер көрсеткеніне тарихи оқиғалар куә.

В.С. Хесстің бағасы жетпес еңбегін Қазақстан скрипка өнерінің тарихында есте қалдыру мақсатында, қазақ музыкасының өнер саласының тікелей басшылығымен, «Шабьт–Inspiration»(2000 ж.) жастар арасындағы конкурсына В.С.Хесс атындағы арнайы жүлде тағайындалды. Бұл көрнекті музыкантқа арналған лайықты үлкен құрмет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Д.Ж. История скрипичного искусства Казахстана. - М.: Композитор, 2015. – 320 с.

**Н.ТІЛЕНДИЕВ ПЕН Қ.ҚОЖАМИЯРОВТЫҢ «АЛТЫН ТАУЛАР»
ОПЕРАСЫ: «ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР» МЕН «ЖАСАУШЫЛАР»
АРАСЫНДАҒЫ СЮЖЕТТІК КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ**

*Абілхайырова Н.Ж., «Вокалдық өнер» мамандығының 1 курс магистранты,
Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекші – өнертану кандидаты, профессор
Құрманғалиева М.С.*

Кеңес Одағы кезінде барлық одақтас республикалар үшін ортақ идеологиялық бейімдеуді енгізу мақсатында тұжырымдама ойлап тапты, оның шеңберінде барлық республикалар музыкалық және негізгі сюжеттік желілері ғана емес: ұлтаралық өзара көмек (ұлы орыс халқы кіші халықтарды қолдауда үлкен рөл атқарды, романтикалық ұлтаралық желі (орыстар мен қазақтар арасындағы көркем шығармалар контекстінде некеге тұру көтермеленді), опера желісі бойынша қазақ жеріндегі тың жерлерді көтеруге экономикалық көмек (көшпелі өмір салтын жою), Мәскеудің өз халқының арасында жоғары құрметке ие өнер және мәдениет қайраткерлерінің «еңбегін тегістеу» үшін қойған көптеген ньюанстары мен міндеттері байқалды.

1960 жылдары Нұрғиса Тілендиев қазақ халқы арасында өте танымал болды. Нұрғиса Тілендиев - көрнекті қазақстандық композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ол көптеген шығармалардың авторы: опера, симфония, камералық музыка және киноға арнап музыка жазды. Оның әйгілі операларының бірі – қазақстандық музыкалық мәдениеттің маңызды туындыларының бірі болып табылатын «Алтын таулар» операсы.

Нұрғиса Тілендиев 1938 жылы 9 сәуірде Қазақстанның Алматы облысындағы Асылкейшек ауылында дүниеге келген. Ерте жасында ол музыкаға қызығушылық танытып, 1955 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясына композиция факультетіне оқуға түсті. 1960 жылы ол консерваторияны сәтті бітіріп, өзінің кәсіби мансабын композитор ретінде жалғастырды.

Оның музыкалық стилі Қазақстаннан тыс жерлерде кеңінен танылды және аймақтағы музыкалық мәдениеттің дамуына айтарлықтай әсер етті. Нұрғиса Тілендиев музыкалық білім беру саласында да белсенді жұмыс істеді және Алматы консерваториясында сабақ берді. Ол Қазақстанның музыкалық және мәдени өмірінде өшпес із қалдырды және қазақстандық музыка тарихындағы маңызды тұлға болып қала береді. Осы жылдары Н. Тілендиев «Достық жолымен», «Менің Қазақстаным» кантатасы, «Ата толғауы», «Халық қуанышы», «Қайрат» шығармаларымен танымал болды. Бұл шығармалардан оның туған халқын қалай жақсы көретіні, туған қазақ халқына арнағаны көрінеді. Н. Тілендиевтің маңызды қасиеттерінің бірі – қазақи құндылықтарға ие болатын. Ұйғыр композиторы Қ.Қожамияровпен бірге операны даулы мазмұнмен жазуды тапсырған басшылар мен партия қызметкерлері бұл мінездің ерекшелігін байқаған болуы мүмкін.

Неліктен таңдау Н.Тілендиев пен Қ.Қожамияровқа түсті? Сол кезде партия идеологтары халық арасында болып жатқан барлық үрдістерді бақылап отырды. Бүгінде ежелгі заманнан бері Қазақстан аумағында көптеген түркі халықтары арасында әлеуметтену орын алғаны құпия емес. Сонымен қатар, қазақтардың өздері өз аумақтарын қастерлеу және қорғау дәстүрлерін құрметтеді, қағидаттарды сақтайды және т. б. кеңес заманында халықтар арасындағы келіспеушіліктер туралы айтпау мүмкін болмады. Қазақстанға басқа халықтар жер аударды және жаңа Отанның орталығы болды. Мұның бәрі белгілі оқиға, бірақ олар маңызды дүние туралы айтпады: Жаңа тұрақта орын алған ұлтаралық кейкілжіңдер.

1926 жылдан бастап Қазақстанда 63434 ұйғыр өмір сүрді. 1989 жылғы санақ бойынша ұйғырлардың басым көпшілігі әлі күнге дейін Қазақстанның оңтүстігінде тұрады. Олардың ең көп шоғырлануы Алматы және Талдықорған облыстарында болды. 1926-1960 жылдар аралығында Қазақстанда қазақтар мен ұйғырлар арасында қақтығыстар орын алды. КСРО мен Қытай арасындағы шекара ашылғаннан кейін Шыңжаңнан қоныс аударушылардың алғашқы толқыны Қазақстанға ағылды. Қақтығыстардың негізгі себептеріне нәсілдік және этникалық келіспеушіліктер, ресурстар үшін бәсекелестік, сондай-ақ саяси шиеленістер кірді. Сонымен қатар, Кеңес өкіметі ұлттық азшылық саясатын жүргізді, нәтижесінде әртүрлі этникалық топтар арасында шиеленісті жағдайлар туындады. Аталған кезеңде Кеңес өкіметі ұлттық азшылықтардың, соның ішінде ұйғырлар мен қазақтардың саясатын жүзеге асырды, оның шеңберінде ұжымдастыру мен қуғын-сүргін жүргізілді. Бұл қоғамда шиеленісті тудырды, өйткені әртүрлі этникалық топтар ресурстар мен аумақтарға қол жеткізу үшін бәсекелесті. Мұндай қақтығыстар әлеуметтік шиеленістер, экономикалық бәсекелестік және кейде зорлық-зомбылық түрінде көрінуі мүмкін. Бұл қақтығыстар тұрақты емес және аймақтағы нақты жағдайлар мен саяси жағдайға байланысты болды [1].

Н.Тілендиев пен Қ.Қожамияровтың «Алтын таулар» операсы диссертациялық жұмыстың аясында, ұсынылған кезеңдегі опера өнерінің барлық бағыттарын қарастыруды шештік. Уақыт идеологиялық контексте белгілі бір тақырыптарға арналған жұмыстар болғаны белгілі. Идеологиялық тұрғыда, қазақ жеріндегі ұлтаралық қарым-қатынасты ынтымақтастық және достық мақсатында көрсету мәдениетте де көрініс тапты. Жоғарыда аталған опера екі ұлт арасындағы ортақ байланыс тудыратынын көрсетеді. Екі ұлтқа ортақ дүние қарым-қатынасты дұрыс арнаға бұрады деген сенімде болғаны анық. Қазақ сазгері, күйші, «Отырар сазы» оркестрінің жетекшісіне тың игеру туралы опера жазуға не түрткі болды? Маңыздысы, опера композитордың шығармашылығына жақындығы жоқ ұйғыр композиторымен бірге жасаған жұмысы ретінде белгілі.

Н.Тілендиев пен Қ.Қожамияровтың «Алтын таулар» операсының 1960 жылдары партиялық-кеңестік мәдениет және өнер қызметкерлеріне идеологиялық бақылау күшейген тұсында жарық көруі кездейсоқтық емес. Нақтырақ, 1954 жылы II Бүкілодақтық өткен съезде «марксизм-ленинизмнің шығармашылық дамуы» негізінде кеңестік идеялар мен бастамалардың

дұрыстығын растайтын шығармашылық жұмыстардың жасалуын тапсырды. Н.Тілендиев пен Қ.Қожамяровтың «Алтын таулар» операсы сөз жүзінде қазақстандық мәдениеттің жетістіктерінің өзіндік көрінісі болып саналғанмен, шындыққа жанаспайтын, екі түрлі композитордың сәтсіз туындысы болды. Олай деуге негіз бар, 1960 жылы опера Абай атындағы опера және балет театрында премьерә өтіп, одан кейін қайта қойылмады.

Сол кезде Н.Тілендиев, Қ.Қожамяровпен жазылған опера мемлекеттік тапсырыс болып табылады. Сюжетке тоқталайық:

Қарлы шынмен көшпенді малшы Жаяу келеді. Қасында жары Халима, бес жасар ұлы Әли және емізулі Жауһар есімді қызымен ұжымдастырудан қашып барады. Кенеттен малшы құздан құлап, Әлиді отряд бастығы Орлов асырап алады. Анасы ұлын өлдіге балап, қызымен қалады.

Арада жиырма жыл өткен соң Жауһар трактор бригадасының бригадирі болып шығады. Ал жолдасы Еркебай мал шаруашылығымен айналысады. Жауһар мал шаруашылығын ескілік, ал тың игеру болашақтың жарқын көрінісі ретінде есептейді.

Осы арада жас агроном ретінде Олег келеді. Бірақ Олег пен Жауһардың ойына Еркебай бірнеше мәрте қарсы келіп, бұзақылық жасайды.

Операның соңында Еркебай өз ойының дұрыс еместігін түсініп, Жауһардан кешірім сұрайды, Жауһар келісімін бермейді. Ол жаңа өмір бастайды.

Операның соңы. Олегтің әкесі келді, ол 25 жылғы тарихты баяндайды. Олегті қарлы боранда тауып алғанын, есімі Әли екенін естіртеді. Көпшіліктің ортасында Жауһар мен анасы жоғалған Әлимен қайта қауышады. Бақытқа жол ашқан коммунистік партияға халық өз ризашылығын білдіреді.

Осындай сюжетке құрылған Н.Тілендиев пен Қ.Қожамяровтың «Алтын таулар» операсы сәтсіздікке ұшырайды. 500 ден астам төл туындысы бар Н.Тілендиевтің қазақ даласына тараған атақ-даңқы, халқының құрметі операның жетістігіне кепіл болуы керек еді. Операның сәтсіздігінің сыры неде?

Шындыққа жанаспаудың бірінші себебі операның идеологиялық астарының өзі Н. Тілендиевтің ішкі сенімдеріне сәйкес келмегендігімен байланысты болды. Қазақстан саясатының барлық бұрылыстарын және «коммунизмнің» қазақ қоғамының үйлесімді құрылымын қалай бұзғанын көрген адам ретінде композитор операның сюжетіне де қатты ашуланды.

Сонымен қатар, қазақ зиялыларының көпшілігі сияқты Н.Тілендиев тың жерлерді игерудің зиянды әсері туралы білді. Тың игеру мал жаю үшін ең жақсы шалғынды жерлерді иемденгенін бәрі білді, бұл жайылымдар мен жылқы шаруашылығының жойылуына әкелді.

Аталған операның бастан-ақ шынайылықтан шықпауы бірден бір себеп. Опера Н.Тілендиев пен Қ. Қожамяровқа үкіметтен тапсырыс ретінде келеді. Одан орындау міндеттелгендіктен, сюжеті де үкімет қызығушылығынан туындайды. Бұл туралы Т. Жәкітайұлының 2007 жылы жарық көрген «Нұрғиса Тілендиев» эссе жинақтарында көруге болады [2].

Бұл кітапта Т. Жәкетайұлы Әуезов пен Тілендиев арасында болған қызықты диалогты жүргізеді. Бұдан шығатыны, екі ұлы адам осы сюжеттің

идеологиялық контекстінің мәселелерін өте нәзік және мұқият талқылайды. М.Әуезов сюжетті талқылау кезінде Н. Тілендиевке былай деді: «Мұхаң күрсініп:

-Мынау айтқан дүниең үлкен ойды керек қылатын нәрсе екен,-деді.- Шынында жалғыз сендер емессіңдер, біздің жазушыларымыз, ақындарымыз да жер игеру мәселесімен шұғылданып, еңбек істеп жатқанға ұқсайды. Бірақ менің ойымша, солардың еңбектері ақша табу мәселесі мен саясатты мадақтаудың түрі ғана. Қазақ халқына құдай жерді бергенде ірітіп-шірітіп, тілім-тілім қылып жыртсын деп берген жоқ. Түптің түбінде байлықтың пайдасын басқалар көріп, біздің халық құралақан қаларға ұқсайды. Сендер жазатын операларыңның қандай бағытта шырқалатынын мен біліп отырмын. Операның аяғы уралап бітетін шығар,- деп жымыып маған қарады» [2, 29 б.].

Бүгінгі таңда көптеген мәдени қайраткерлердің шығармашылығын зерттей келе олардың идеологияларына қайшы келетін факторлар анықталуда. Ол кезде адамдар өздерінің ашуын жалпы айта алмады, тіпті серіктестерімен ой бөлісе алмады. Сол кезде, қарсылық айтқандардың бәрі психикалық ауруханаға айдалды. Дәл осы уақытта саяси келіспеушілік те қатаң түрде көрініс тапты, қоғамның жамандықтарын ашық көрсететін адамдар қудалана бастады. Бірақ бұрынғы әдістермен келіспеушілікті тоқтату мүмкін болмады. Сондықтан саяси айыптаулар «жасырын» бола бастады. Қазақстанда саяси қудалаудың мысалдары көп болды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының орыс тілі мұғалімі М. Елікбаевтың тағдыры, майдангер, жоғары білімі бар маман. Ол 1953 жылдың күзінде КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалған Н.Хрущевтің атына хат жазды, онда М.Елікбаев жеке құқықтардың бұзылуы, ұлттық саясат саласындағы кейбір бұрмаланулар, атап айтқанда, қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқаруы және билік жүргізіп отырған саясаттың басқа да кемшіліктері туралы айтты. «Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті мен Шығыс Қазақстан облысы партиясының Күршім аудандық комитеті қабылдаған тәрбие шараларынан кейін ол КОКП қатарынан шығарылды. Әрі қарай, бүлікшіл мұғалім психиатриялық ауруханаға айдалды, ал ол аштық жариялаған кезде олар оны күштеп тамақтандырды. Жалпы, КСРО Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің мәліметтері бойынша, елде 90 мыңнан астам «келіспеушілер» психиатрия арқылы жазаланды» [3].

Сонымен, Н.Тілендиев пен Қ.Қожамияровтың «Тың» тақырыбына опера жазу міндетін талқылау кезінде композитор бірден артықшылық береді: «- Сонда ол жазып жатқан операларың саясаттың операсы ма, өмірдің операсы ма, жоқ болмаса тарихтың ба? Соның драматургиялық жағын қалай шештіңдер, - деді. Мен шынымды айттым.

- Аға бұл операмыз таза саясаттікі, - дедім. Мұхаң:

- Сонда қалай болды мұның өзі. Сенің ойың қандай,- деді таңырқап. Қарасам,

Мұхаң түрінде шын ықыласымен білгісі келіп тұрғаны байқалады» [2, 33 б.] диалогтан көрініп тұрғандай, М.Әуезов пен Н.Тілендиев операның уақытша екенін түсінді, өйткені өнер туындысы саясаттандырылмауы керек.

Осы сөздерден біз Н.Тілендиевтің таза саяси тәртіпті көретінін және оған ашуланғанын түсінеміз. М. Әуезов мұнда басты кейіпкерлердің өмір тарихына баса назар аудара отырып, драмалық түрде айналып өтуге болатынын айтады.

Композитор Н. Тілендиев те, М.Әуезов те жайылымдық мал шаруашылығын бүкіл қоғамның және жаңа, прогрессивті, тракторлармен байланысты, тың жерлерді игеру мен кеңестік коммунистік қоғамның құзыреті деп санайтын барлық қазақтарды бейнелейтін ескі, артта қалған әлем арасындағы қарсылық тақырыбы түбегейлі дұрыс қарама – қайшылық емес екенін түсінді.

Қазақтар ғасырлар бойы ата-баба жерін пайдаланды, енді тың жердің келуімен қазақтың дүниетанымымен байланысты барлық нәрсе кенеттен артта қалып, қажетсіз болып, өркендеу мен прогреске кедергі келтірді. Операда қойшының қызы тың жерді дәріптейтін қоғамның алдыңғы бөлігінің үлгілеріне айналады.

Сол кездегі оқиғалардың осындай бұрылысымен олар ұлттық дәстүрлерді өзгерту және жою қажеттілігін атап өткісі келді. Билік үшін операда ұсынылған екінші сурет, оны белгілі бір бүркіт тәрбиелеп, оған «Олег» есімін берді. Операның соңында, сюжетке сәйкес, Әли мен Жауһар өздерінің туған ағасы мен әпкесі екенін түсінеді. Сонымен, операда Кеңес өкіметінің арқасында туыстары бірігіп, бір-бірін тапқаны көрсетілген. Содан кейін Әли-Олег кімнің кінәсінен жетім қалғанына және орыс Орловтың ұлы болғанына күмән туындауы мүмкін емес еді. Зал қазақ баласын тәрбиелеген «үлкен ағаның» тектілігінен қол шапалақтауы керек еді. Мұның бәрі, әрине, композитор Н. Тілендиевтің сезіміне әсер етті. Апофеоз ретінде опера жазу тапсырмасы екі композиторға берілді: Н. Тілендиев және Қ.Қожамяров. Бұл мәселе бойынша М. Әуезов пен Н. Тілендиевтің де пікірі болды:

«Н.Тілендиев:

-Солай жасауға тура келеді аға,- деп күмілжідім. -Олай бітірмесек біздің еңбегімізді бір-ақ күнде жоққа шығарады.

Мұхтар Әуезов:

- Тапсырмамен Құддыс екеуің опера жазғалы жатырмыз дейсің. Мұны қолға алғаннан кейін бітірулерің хақ. Бірақ есінде болсын, біріншіден біреумен бірігіп жазылған дүние мүлде дұрыс емес,- деді. -Екіншіден, екеуің екі ұлттың адамысыңдар. әннің ырғақтары мен музыка иірімдерін әр ұлт өз деңгейінде түсінеді. Сен болсаң ұйғырдың ұлттық дәстүрі тұрмақ, тілін білмейсің. Сөйте тұра ұйғырмен бірігіп музыка жазбақсың. Ал Құддыс болса қазақтың тарихы мен тілінен мақұрым. Арқаның сазды әндері оның түсіне де кірмейді. Осыдан келіп екеуің бірігіп жазғандарыңнан не шығады? Мен соған таң қалып тұрмын. Бұл-жылқының қылынан ескен шылбыр мен кендір жіпті біріктіріп байлап қойғандай емес пе,- деді маған қарап күлімсіреп». [2, 32 Б.].

Композиторлардың мұндай тандемі ерекше және сәл оғаш болды. Әр композитордың өзі терең ұлттық, бірақ Н.Тілендиев – қазақ халқының ұлы, ал Қ.Қожамяров – ұйғыр. Белгілі болғандай, осы жағдайға дейін композиторлар арасында мұндай тандем ешқашан жасалмаған. Мұның тағы бір мақсаты бар:

коммунистік идеология үшін кіші халықтардың «ұқсастығын» көрсету маңызды болды.

Естеріңізге сала кетейік, осы уақыт аралығында қандай шығармалар және кім жасады және олардың көпшілігі партияның тапсырысы бойынша құрастырылған деп айту керек. Бұл сияқты жұмыстар:

Қ. Мусин «Таң шолпаны» үш көріністі операсы (1967) либретто авторы Н.Баймұхамедов. Опера Кеңес үкіметінің ықпалымен мектеп салып, жастарға білім үйреткен жас мұғалім жайлы. Оған қарсы шыққан ескі патша дәуірі адамдарының іс-әрекетін әшкерелейді. [4]

С. Мұхамеджановтың «Айсұлу» (1964) лирико-комедиялық операсы – қазақтың алғашқы күлдіргі операсы. Опера жас ғалым мен романтик ақынның колхоз қызына ғашық болуы, және өз сүйгендерін табуы жайлы. Тұсаукесері 1964 жылы 30 сәуірде өтті [4].

Е.Рахмадиев, А.Бычков, Г.Гризбил «Степное зарево» операсы Кеңес Одағының 50-жылдығына арналып жазылған үш актілі опера. Либретто авторы: Д.Снегин. Опера қазақтар мен орыстардың достығын, олардың Қазақстанның Жетісу аймағында кеңес үкіметін орнатудағы біріккен күресі туралы жазылған [4].

Е.Брусиловский «Наследники» (Ізбасарлар), (1962) үш көріністі, прологты опера. Либреттоның авторлары Н.Анов, М.Балыкин. Қ.Қошамияров пен Н.Тілендиевтің «Алтын таулар»(1960) операсында алғаш рет қарастырылған тың игеру тақырыбына кейінгі жылдары Е.Брусиловскийдің «Наследники» операсында жалғасын тапты.

Бүгінгі таңда 1950-1970 жылдардағы музыкалық мұраны қайта құру, қайта қарау бойынша үлкен жұмыс тұр. Кеңестік өткен кезең сол кездегі Қазақстанның музыкасына үлкен із қалдырды, бірақ өзіндік музыкалық кенеппен және музыкалық әуендермен, сөз тіркестерімен ерекшеленетін теңдесі жоқ музыкалық шедеврлер – Қазақстанның композиторлық шығармашылығының бірегей үлгісі болып табылады [4].

Қолданлған әдебиеттер тізімі:

Электрондық ресурстар

1. Козыбаев З. Что не поделили казахи с уйгурами?(конфликт в Шелике приобретает угрожающие масштабы)- Алма-Ата, 18.12.2006г. // <https://amp.dw.com/ru/chto-ne-podelili-kazahi-s-ujgurami/a-2276224>

Кітаптар

2. Жәкітайұлы Т. Н. Тілендиев : эссе. – Алматы : Орда, 2007. - 166 б.

Электрондық ресурстар

3. А. Аяған, Б. Шаймерденова. Общественно-политическая жизнь в республике в 1950-е годы: <http://bibliotekar.kz/istoriki-kazahstana-za-9-klass-nachalo-x/2-obschestvenno-politicheskaja-zhizn-v-r.html>

Кітаптар

4. Күзембай С. Қазақ опералары. – Алматы : Жібек жолы, 2010. - 296 б.

ДАУЫЛПАЗ КҮЙШІ ГЕНЕРАЛ АСҚАРОВ

*Прилепесов Б.А., «Дәстүрлі музыка өнер (домбыра)» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, профессор Нұртаза Р.С.*

Қаратаулықтардың күй толғау мәнері әркилы, әуен өзегі ортақ болса да бірін-бірі қайталамайды, әр жүйрік өзінше шабады. Жаппас Қаламбаев Арқа мәнеріне бой ұрып Тәттімбетше «қырық буын қосбасар күйге» жүйріктеу болса, Төлеген Момбеков әндете шертілетін теріскейдің байырғы желдірмесіне бейімдігінен танбайды, Файзолла Үрмізов Сарысудың мәнерімен кері толғауға әуес болса, Ергентай Борсабаев Шу өлкесінде кең тараған «ыңғайтөкпешіл» (эпикалық) шертіске құмбыл. Атабек Асылбеков толғау күйлерді мінсіз тартса, Сейітхан Әлімбеков аңыз күйлерді тарау-тарауымен ағытар еді.

Ал, Генерал Асқаровтың әуезі алабөтен әуелей жөнелетін еді, мәнері жоғарыда аттары аталған күйші замандастарының ешқайсына ұқсамайтын, жалқысаяқ сазбен шанақты жаңғырта толғай кеткенде домбырадан пейіштің үніне барабар сиқырлы әуез шығардай болатын, ол Қаратаудағы домбыра шалудың байырғы табиғатынан ешқашан айнамайтын, теріскей сазының кейде қатты, кейде нәзік, кейде шат, кейде қамкөңіл мінезін нақты баса шертетін, сезімшіл ноталары жорта тәкәппарсыңған тыңдаушысының еңсесін езіп, асқақсымақ көңілін кемсендетіп пушайман жағдайға түсіретін, қос ішектен төгілген көкейкесті қағысы пенде түгілі бетпақдаланы оятатандай құдіретке ие еді. Генералдың сыршыл да сұлу шертісін ел бір қаққанынан танитын, оны өзгелермен шатастыру да мүмкін емес еді, күйшінің «шалқыта», «желдірмелете», «әндете», «шертелей», «төкпелей» «толғаулата» «жолдықоңырлата» тарту мәнері өз алдына бөлек еді, аққудың дауысын, бозінгеннің боздауын, бесжорғаның жүрісін екі ішекпен күңіретуі – шеберлік атаулының шыңына баларлық дауа болмаса қанға біткен қасиет демеске тыңдаушысының еш амалы қалмас еді-ау. Қаратауда бірінен-бірі өткен дәулескер күйшілер заманда көп болған, бірақ солардың ішінде Төлеген мен Генералдың өнері өзгелерден артық болғаны жалпыға мойындалған ақиқат, тума талант иелерінің өнеріне бас иген тыңдаушылары, теріскейдің күй талғайтын кірпияз елі бұларды «Қаратаудың қос қыраны» деп аттарын ардақтай атағанды құп көретін. Сол Қаратау мұзбалағының бірі – Төлеген болса, екіншісі – дауылпаз күйші Генерал Асқаров еді... [1].

Генерал Асқаров 1940 жылы 14-ші мамырда, Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келді. Баланың атын Генерал деп қоюының бір себебі, әкесі ұлы дүниеге келген жылы генерал атағын алуымен байланысты болған.

1957 жылы орта мектепті үздік бітірген соң, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түседі. Жас дарын Алматыдағы ұлағатты ұстаздар мен шығармашылық ортаның назарына іліге бастайды. Өз қатарластарынан – композиторлар Шәмші Қалдаяқов, Ілия Жақанов, күйші Жүмекен Нәжімеденов сияқты қазақ мәдениетінің болашақ тұлғаларымен араласады, достасады. Кәсіби музыкалық біліммен сусындап, ноталық сауатын жетілдіреді, Ықылас, Сүгір күйлерімен қоса Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина тундылары да нақышына келтіре тарта бастайды. Тәттімбеттің шертпе күйлерін ұстазы Жаппас Қаламбаевтан үйренеді. Өзінің алғашқы әндері мен күйлерін де осы студенттік кезеңде жаза бастаған еді. Біршама шығармалары Республикалық радио арқылы халыққа тарай бастады, белгілі өнер иелері Генералдың қолынан шыққан әндерді репертуарларына қосып, күйтабақтарға жаздыра бастады. Алайда өнер теңізіне құлаш ұрған жас Генералды тағдыры өзге арнаға бұрды. Генералдың кәсіби музыкалық білім алам деген тілегі орындалмай қалды, оның бір себебі Генералдың анасының тілегін тыңдаған нағашы ағасы Елбергеннің «Өнердің жолы ауыр болады, күй қонған кісі – Сүгірдей-ақ болар.., атадан жалғыз туған баласын, одан да заманына сай кәсіп таңда, қарағым» – деген сөзі еді [1]. Нағашы сөзінен аттай алмаған күйші амалсыз консерваториямен қоштасады. Артынша Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына құжат тапсырып, сол кездегі ең мәртебелі мамандықтың бірі – агрономияны таңдайды.

Институт қабырғасында жүргенде де киелі өнерді тастай алмады. Студенттік әуесқой оркестрге қатысты, жеке күйшілігімен танымал бола бастады, қазақ радиосына Тәттімбет, Сүгір, Жами, Төлеген күйлерін жаздырады. Генералдың дарынын аңғарған аға бұын өкілдері – Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жамал Омарова, Роза Бағланова, Қали Жантілеуов, Үрістембек Омаровтар жас күйшінін ешкімге уксамайтын дарындылығын жоғары бағалайды, күйшілік қарымына тәнті болады. Ал төл ұстазы – Жаппас Қаламбаев орындаушылық стилінің қалыптасуына ықпал етеді, шертпе күйдің күрделі үлгілерін игеруге баулиды, дәстүрлі орындаушылық өнерге тәрбиелейді. Қатар жүріп сыйласқан жан досы Шәмші Қалдаяқовпен шығармашылық және достық қарым-қатынаста болу Генералдың ән саласында тамаша туындылар жазуына тікелей әсер етті. Сол кездегі студент қауымы арасында «Сен ғана», «Ақын қызға», «Неге сүйдім бұлбұл құсты», «Түсіндірші сүйіктім», «Сенің көзің», «Жас тілек» сияқты әндері кең тарады, сонымен қатар «Дала еркесі», «Ақ шабақ», «Сезім күйі» атты күйлерін де шығарады, кейіннен бірқатар әндері КСРО халық әртісі Ришат Абуллиннің, әнші Майра Жүрсінованың орындауларында радио эфирінен берілді, күйтабаққа жазылды.

1963 жылы Қазақтың Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын тәмәмдап туған өлкесіне оралды, Сүгірдің алдын көрген ағалары – Төлеген Момбеков, Файзолла Үрмізовтермен араласты, Қаратаудың күйшілік өнерін одан ары қарай насихаттай бастады. Қазақ радиосынан күйшінің орындауындағы шығармалар үнемі беріліп тұрды. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Ж.Иманалиев пен М.Айтқалиев құрастырған «Қаратау шертпелері» атты

кітапқа Генерал Асқаровтың орындаунда бірнеше күйдің нотасы енді. Елде жүрсе де Алматыға жиі шақыртылып тұрды, үлкен сахналарда өнер көрсетіп ел ықыласына бөленді.

1969 жылы Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан күйшінің жеке грампластинкасы жарық көрді, күйтабақ-пластинаға Сүгірдің сирек орындалатын тоғыз күйі жазылды. Генерал Асқаров шерткен Сүгірдің «Аққуын», «Назқоңырын», «Қосбасарын», «Шалқымасын» КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендиев пен өнер зерттеуші ғалым – Уәли Бекенов жоғары бағалады. Уәли Бекенов «Шертпе күйдің шеберлері», «Күй табиғаты» атты кітаптарында Генерал Асқаровтың орындаушылық ерекшеліктеріне жақсы баға берді.

1995 жылы облыстық «Мақтау грамотасымен», 1997 жылы «Созақ ауданының құрметті азаматы» атағымен, 1998 жылы облыстық «Зерде» стипендиясының иегері болып марапатталды.

Ұлы тұлғаны халық 1999 жылы ақтық сапарға шығарып салды. Күйші Созақ ауданындағы Қарабура кесенесінде атақты, лауазымды батыр, күйшілердің жанына жерленген.

Сол жылы өз шығармашылығының жаңа белесі ретінде күйлері мен әндерінің күйтабағын (диск) жазуды жоспарлаған еді, ажалға пенденің қайраны бар ма, әндері мен өзінің төл күйлерін жарыққа шығарам деген тілегіне жете алмады, үлгере алмады. Дегенмен, өзінің туындылары жазылған күйтаспасын, күйге, өзінің шығармашылығына қатысты мәліметтерді жақсы көрген інісі, консерватория профессоры – Біләл Алпанұлы Ысқақовқа аманат еткен. Оның алдында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклор кабинетіне өз туындыларының жаздырып, енді сол шығармаларын радиоға жаздыруды, жүйелеуді, нотаға жаздырып жинақ шығаруды қолға алмақ арманы да болған еді.

Алғаш шыққан «Мәңгілік сарын» күй антологиясының редакторлары – Базаралы Мүптекеев пен Саян Ақмолда Қазақ радиосының алтын қорында сақталған Генерал шерткен күйлерді аталмыш антологияға енгізіп игілікті іс атқарғанын айта кетуіміз керек. Дәулескер күйші өз елінде де көптеген дарынды ізбасар-шәкірттер тәрбиеледі, қазіргі кезде Созақ даласында даңқы өрлеген өнерпаздар – Бекберген Избалаев, Ерғали Әлімханұлы, Кенжебай Шал, Жұбаныш Жексенұлы күйшінің қолынан тәлім алғандарын мақтанышпен айта жүретін азаматтар. Дәулескер күйші – Генерал Әбдірауықұлы өзінің жарқын ғұмырында қазақ өнерінің, оның ішінде Қаратау күйшілік мектебінің атын алты алашқа жайды. Генерал өз жерін, өз елін шексіз сүйді, туған туыс-бауырға қамқорлығы көп болды. Перзенттеріне деген мейірімі айрықша мол әке еді, сырт келбеті айбарлы болғанмен болмысы бала мінезді, ақкөңіл әрі жұмсақ жан болатын. Әншілікке әуес болған қызы – Табиғаттың алғашқы ұстазы да өзі болды, оның өнер жолын қууына өзі қолдау жасап, ән салуды игеруіне тікелей жетекшілік етті. Тоқсаныншы жылдардың аяғына күйшінің денсаулығы нашарлады, сыршыл жүрегінің сыздауы жиілеп кетті. Алланың әмірі жеткенің сезгендей өмірлік серігі – Жаңыл Қаламбаеваға әулет амандығын аманат етті, жастайынан жолдасы болған қырмызы домбырасын күй жолындағы мұрагер ұлы – Сұлтанға қалдырды.

Генерал Асқаров азаматтық сезімнің ұшқырлығымен, туған жерге және адамдарға деген шынайы махаббатымен дараланатын.

Дархан жүректі азамат, белгілі күйші, сезімтал да сергек адам ретінде Генерал Асқаровтың жарқын бейнесі біздің жүрегімізде ұзақ сақталады.

Қаратау күйшілік дәстүрді жалғастырып, насихаттап өткен шертпе күйдің шебері – күйші Генерал Асқаровтың сіңірген еңбегі мол, қолтаңбасы ерекше, өзінің даралығымен өнер тарихында белгілі орын алары сөзсіз. Оның күй қоры 50-ге тарта өзі орындаған күйлері мен 10 шақты авторлық ән-күйлерінен тұрады.

Генерал Асқаровтың орындаушылық тағы бірі қыры, оның Қаратаудан бөлек Арқа күйлерін де шертуінде, мысалы Тәттімбеттің барлық күйлерін шебер тартқан деседі, өкінішке орай Генерал Асқаровтың бізге тек Тәттімбеттің «Сылқылдағы» ғана жеткен.

Көреген көнекөз күйшілер көп күйлерді Генералға тартқызған, ол кісінің тәтті дыбыстары мен қайталанбас шертісіне риза боп, құлақ құрышын қандырған дейді қариялар. Тіпті шығармашылық табыстырған досы Төлеген Момбеков те көп күйлерді Генерал Асқаров отырғанда тартуға бата алмай, әдептен озбай, Генералдікі оригиналға жақын деп тартынып отырған деседі. Төлегеннің орындауында қоңыр лиризм басым болса, Генералдың тартысында шабытты жігер сезіліп тұрады, сырттай тыңдаған адамға тартылған күйдің тынысы көтеріңкі боп көрінгенмен ішкі күйзелісі запырандай ащы болатын.

Генерал Асқаровтың шертісіне шәкірті Жанғали Жүзбаев мынадай суреттеме береді: «Генералдың сыршыл да сұлу шертісін ел бір қаққанынан танитын, оны өзгелермен шатастыру да мүмкін емес еді, күйшінің «шалқыта», «желдірмелете», «әндете», «шертелей», «төкпелей» «толғаулата» «жолдықоңырлата» тарту мәнері өз алдына бөлек әңгіме, аққудың сұңқылын, бозінгеннің боздауын, бесжорғаның жүрісін екі ішекпен күңіренуі – шеберлік атаулының шыңына баларлық дауа болмаса қанға біткен қасиет демеске тыңдаушысының еш амалы қалмас еді-ау» [1, 77 б.].

Генерал Асқаровтың заманында Жаппас Қаламбаев, Нұртай Жаңбыршин, Төлеген Момбеков, Мағауия Хамзин сынды ғасырда бір туатын өр тұлғалар өмір сүрген. Олардың әр қайсысымен шығармашылық қарым-қатынаста болған.

Қазақ өнеріне баға жетпес байлық қосқан елуге тарта өзі орындаған күйлермен, он шақты авторлық күйлерін жеткізіп, күйшілік өнердің, аспапта орындау үлгісін жаңартқан біз үшін қайта келмес дарабоз тұлғамыз. Даңқты орындаушымыз күйді жүрекке жеткізіп, сан сырлы әуенді пернеге басып, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға ұзық ғұмыр сыйлап келеді. Домбыра өнерінде, күй тарихында аты алтын әріппен жазылған Генерал Асқаров.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Наз қоңыр. Генерал Асқаровтың орындауындағы күйлер. (Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған Жүзбай Жанғали.) – Астана, 2015. – 84 б.
2. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы музыка өнері: Очерктер. – Алматы, 2008. – 288 б.

3. Шегебаев П. Казахская домбровая музыка: вопросы теории, истории и методологии. – Астана, 2017. – 327 с.
4. Омарова Г. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили: Монография. – Алматы; 2018. – 372 с.
5. Мүптекеев Б. Жетісудың оңтүстік-шығысындағы күйшілік дәстүр. Монография. – Алматы, 2022. – 304 б.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОСТЮМ КАК СРЕДСТВО СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОГО КАМЗОЛА И АЗЕРБАЙДЖАНСКОГО КЮРДЮ И БАХАРИ)

*Мұсатай М. Х., магистрант 2 курса специальности «Искусствоведение»,
Казахский национальный университет искусств
Научный руководитель – кандидат искусствоведения, профессор
Юсупова А. К.*

Возрождение национальной культуры является одним из ключевых аспектов сохранения исторического и культурного наследия народа. В современном мире, где межкультурное взаимодействие и глобализация играют все более значимую роль, важность сохранения национальной культуры становится особенно актуальной. Национальная культура неотъемлема от сути идентичности народа, определяя его уникальность среди других культур.

Целью статьи является рассмотрение традиционного казахского женского камзола и азербайджанского женского кюрдю и бахари как средств сохранения культурного наследия.

Задача статьи – выявление особенностей казахского камзола и азербайджанского кюрдю и бахари, проведение искусствоведческого анализа в социокультурном контексте.

Объекты культурного наследия и национального брендинга характеризуют процессы нациообразования, однако они могут взаимосвязано влиять друг на друга, особенно в контексте формирования образа нации.

В качестве объекта национального брендинга и культурного наследия могут выступать уникальные природные пейзажи, исторические памятники, самобытные народные традиции, предметы декоративно-прикладного искусства и многое другое.

В советское время происходит ряд реформ, в связи с чем товары народного потребления стали производиться на фабриках массово и продаваться в магазинах. С расширением производства товаров, частично ушло в прошлое искусство рукоделия. Одежду, обувь, головные уборы – всё, что ранее делалось собственноручно, можно было купить в магазине.

Кардинальное изменение образа жизни казахов и европейская мода повлияли на то, что традиционный костюм перестает быть каждодневной одеждой. Советский период Казахстана остановил естественный ход эволюции

камзола, как одного из ключевых элементов казахской одежды. Точно таким же образом, азербайджанская культура претерпела разрушительные изменения.

Одним из таких отрицательных факторов, повлиявших на изменение костюма, была колонизация земель и процессы нескольких волн переселения в Казахстан [1].

Колонизация земель часто включает принудительную миграцию большого числа поселенцев из страны-колонизатора в саму колонию. Этот приток поселенцев принес с собой свои культурные нормы и обычаи, что привело к дальнейшей маргинализации и размыванию культуры коренного народа. Коренное население часто оказывалось маргинализированным на своей собственной земле, изо всех сил пытаясь сохранить свою самобытность и культурные обычаи перед лицом подавляющего влияния чужой культуры.

Несмотря на волны политических гонений с 1920 по 1950-е годы, в 1960-е формируется новый слой казахской интеллигенции. Конечно, и в это время были ограничения, но параллельно шли процессы возрождения и активизации культурной жизни. Новая волна интеллигенции, возникшая в это время, вероятно, сыграла ключевую роль в сохранении и развитии национального самосознания и культуры казахского народа.

1980-90-е годы знаменуют новый этап национального самосознания в казахском обществе. Пережитые политические события XX в., социальные и экономические проблемы советского этапа, и острый кризис самоидентификации в это время достигает возможных пределов. Колонизация земель, голод 1920-30-х гг., сталинизм, массовые репрессии 1937-1938 гг., ВОВ, декабрьские события 1986 г., распад Советского Союза, период перестройки, экономический кризис – каждое из этих событий является травматическим и оставило негативный след, и единственным выходом для укрепления государственности и процессов нациостроительства становится переосмысление исторического опыта и значимых культурных ценностей.

Укрепление национальной идентичности стало одной из приоритетных задач в развитии Казахстана в конце 1990-х и начале 2000-х. Наука и искусство освободились от многолетних идеологических запретов и стали развиваться на новом уровне. Это включало в себя возрождение исследований и популяризацию казахской истории, литературы, языка, традиционного искусства и др.

Общие исторические события оказали влияние на родственные культурные связи между казахами и азербайджанцами. В период коллективизации и индустриализации оба народа сталкивались со схожими вызовами и проблемами, что укрепляло их взаимопонимание и солидарность.

Несмотря на негативные последствия, культуры тюркского мира и Центральной Азии продемонстрировали удивительную устойчивость перед лицом колонизации. Казахам и азербайджанцам удалось сохранить и адаптировать элементы своей традиционной культуры. Они нашли способы развивать культурные традиции, создавая яркие и уникальные формы в декоративно-прикладном искусстве. Реконструкция и сохранение семантики и кроя уже существовавших в начале XX века видов традиционной одежды

сыграли значительную роль в сохранении и передаче знаний по технологии производства.

Сохранение национальной культуры предполагает охрану и развитие традиционных ремесел, которые являются основополагающим элементом культурного наследия. Анализируя этнографические материалы, можно увидеть, что большая часть казахской традиционной наплечной одежды схожа по крою (туникообразному) с одеждой тюркских народов южного Кавказа и Центральной Азии.

В то же время, у казахов встречаются и отличающиеся от других народов виды одежды. Среди них выделяется женский *бархатный камзол*. Камзол - короткий прилегающий вид традиционной наплечной женской одежды казахов. Он изначально был одеждой второго слоя [2], но позже, уже в XX веке стал парадным. Сохранились в основном аутентичные образцы этого времени. Казахский камзол является одним из ярких и узнаваемых элементов национального костюма, в котором заложен опыт народа в технологии производства, информация о семантике узоров и декора, способе ношения. Костюм, будучи памятником истории культуры, является своеобразным символом нации.

Казахские женские *камзолы* (рис. 1,2,3) отличаются яркой расцветкой тканей - обычно бархата, плюша. Ранние виды камзолов были более спокойных тонов и выглядели изысканно. Используемые в те времена органические красители и материалы способствовали созданию камзола с утонченной эстетикой.



Рис. 1. Камзол с қапсырма. XIX в.



Рис.2. Камзол с рукавами. XX в.



Рис.3. Камзол. 1965 г.

Камзолы-безрукавки шили для молодых приталенными, ярких цветов (красный, синий, зеленый, фуксия, и др.), для пожилых - более свободными и из тканей спокойных цветов (бордовый, темно-синий, темно-зеленый, темно-коричневый). Они могли быть застегивающимися на пряжку – *қапсырма* (рис.1). Қапсырма представляет собой плоскую серебряную застежку, декорированную орнаментом в разных ювелирных техниках, иногда и инкрустировалась камнями. В редких случаях, в зависимости от способа декорирования, полы камзола могли застегиваться на металлические шаровидные пуговицы *түйме*. Также камзолы украшались золотой или серебряной тесьмой, монетами, камнями, вышивкой.

Казахи и азербайджанцы - родственные народы, имеющие глубокие исторические связи. Оба народа относятся к тюркской группе, что делает их культурные особенности во многом схожими. Некоторое сходство есть и в формах традиционной одежды.

Кюрдю – азербайджанская короткая стеганая безрукавка (рис.4). Передние полы кроются в стык, к боковым срезам пришивались отдельно скроенные детали, обшитые мехом. Шили их из тирме (домотканая традиционная азербайджанская ткань) и бархата, ворот, разрезы и подол обшивали мехом. Также, бытовал и другой вид кюрдю (рис. 5), сшитый из замши темно-желтого цвета, и вся вышитая шелковыми нитками того же цвета.



Рис. 4. Кюрдю с мехом. XIX в.

Бахари (рис.6), также схожий с казахским камзолом, вид наплечной одежды. Он до талии плотно облегал фигуру, а на подол пришивали баску с мелкими сборками. Длина бахари могла быть чуть ниже бедер, рукава были по локоть прямого края, шился этот вид одежды из бархата на простеганной подкладке. Ворот, края рукавов и подол украшали тесьмой, лентой из ткани (косой бейкой) или золотыми кружевами [3].



Рис.5. Кюрдю. XIX в.



Рис.6. Бахари. XIX в.

Казахский и азербайджанский традиционный костюм различаются по гендерному и возрастному признакам.

В последнее время остро встают вопросы возрождения культуры у многих народов, особенно это касается сохранения культурного наследия. Предпринимаются усилия по сохранению своего языка, возрождению традиционного искусства и ремесел. Предметы декоративно-прикладного искусства стали символами возрождения национального самосознания и идентификации.

Сейчас в Казахстане происходит активное возрождение национальной культуры. В этой связи стало заметно сложение новых «ритуалов» в использовании элементов декоративно-прикладного искусства, когда традиционные предметы превращаются в актуальные. На улицах современного города можно заметить молодежь, которая носит национальный камзол, тубетейки, ювелирные украшения и одежду с казахской символикой.

Камзол, как символ этнического своеобразия, остается и по сей день, одним из значимых символов возрождения национального самосознания. Как и камзол, национальные украшения, многие другие предметы (*тақия, чапан, бешпент, көйлек*) народного декоративно-прикладного искусства сегодня производятся дизайнерскими брендами и стали вещами массового потребления, можно найти более упрощенные, доступные по цене варианты. Они служат не только проявления индивидуального стиля, но и неким зеркалом, отражающим изменения, происходящие в обществе.

В современном Казахстане приталенный *камзол* является незаменимым атрибутом праздничного образа на официальных мероприятиях, национальных праздниках и в повседневной жизни. Современный камзол отличается от того вида, который был «законсервирован» в начале прошлого века. Дизайнеры ищут новые пути выразить «казахскость» в современных вариантах традиционной одежды, в частности, камзола. Они не боятся экспериментировать и создавать уникальные варианты.

Несмотря на то, что Казахстан и Азербайджан пережили схожий исторический путь в советский период, можно констатировать, что азербайджанский традиционный костюм и его элементы в современное время не пользуются популярностью среди населения в той же мере, как у казахов.

Азербайджан славится своим богатым наследием в декоративно-прикладном искусстве, где выделяется изысканное мастерство керамистов, ювелиров и ткачей, а азербайджанские ковры стали символом национального искусства. Главный азербайджанский национальный бренд – это традиционные ковры.

Казахский камзол в наши дни - пример того, как национальное наследие может стать актуальным, обретая популярность среди современного поколения. Он может быть таким же полноценным национальным брендом казахов, как ковры у азербайджанцев.

Казахи и азербайджанцы имеют много общих черт. Оба народа ценят ручной труд, использование традиционных мотивов и сюжетов в создании объектов национального брендинга.

Национальные бренды, отражающие богатство культурного наследия, играют важную роль в формировании идентичности народа. Казахстан и Азербайджан, оба обладающие уникальными традициями и искусством, создали национальные бренды, которые стали символами национальной гордости и культурного богатства.

В условиях современности национальные бренды подвергаются эволюции, сочетая традиции с современностью. Инновации в дизайне и маркетинге позволяют им оставаться актуальными и привлекательными для

молодого поколения, поддерживая востребованность национальных брендов на мировой арене.

Важно отметить, что национальная культура представляет собой не только прошлое и настоящее, но и будущее нации, поскольку она является источником вдохновения для нового поколения и сохраняет преемственность поколений.

Список использованной литературы:

1. Переселенческая политика царского правительства и ее осуществление в Восточном Казахстане (XVIII - начало XX вв.) [Текст]: Сборник документов; сост.: Касымова Г.Т. и др.- Семей, 2010. – 407 с.
2. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX – XX века) - Алма-Ата: Наука, 1964. 176 с.
3. Традиционная одежда народов Средней Азии и народов Казахстана. Ответственные редакторы Лобачева Н.П., Сазонова М.В. – М.: Наука, 1989. – 255 с.
4. Азербайджанская национальная одежда. Под редакцией проф. Азизбековой П.А. – Москва Издательство «Искусство». 1972. – 130 с.
5. Өмірбекова М.Ш. Қазақ ұлттық киімінің этномәдени лексикасы. Ғылыми танымдық басылым – Алматы: РБПК «Дәуір» 2015. – 320 б. (суретті).
6. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National clothes of Kazakh people/ Құраст. Хинаят Б., Сужикова А.. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2011. – 384 бет, суретті.
7. Казахская национальная одежда. Автор рисунков Народный художник КазССР Айша Галимбаева. Редактор Шаханов Т./ К14. Алма-Ата, «Жалын» баспасы, 1976. 112 с.
8. Айша Галимбаева. Автор текста и составитель альбома И.А. Рыбакова. - Алматы, «Өнер баспасы», 1981.
9. Казахская традиционная культура в собраниях Кунсткамеры / - Алматы, 2008.- 224 стр.
10. Эфендиев Т. Декоративно-прикладное искусство Азербайджана (XII-начало XIX в.) / АН АзССР. Отд-ние обществ. наук. - Баку: Элм, 1972. - 41 с.
11. Розенбаум-Эллиот Р., Саймон П., Ларри П. Стратегиялық бренд-менеджмент. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 368 бет.

ЗАМАНАУИ ЭСТРАДАЛЫҚ ВОКАЛДАҒЫ ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН

***Бақберген Ж.Б., «Эстрада өнері-эстрада вокалісі» мамандығының 1 курс магистранты, Қазақ ұлттық өнер университеті
Ғылыми жетекші – өнертану кандидаты, доцент***

Әбдіұров Ә.Қ.

Әлемге Қазақстанның атын бір сәтте паш еткен әнші, танымал әндердің авторы, бесаспап музыкант Димаш Құдайбергеннің өнері – оның жанкүйерлерінің қазақ еліне, мәдениетіне, тіліне деген қызуғышылығын оятқан бірегей құбылыс.

Қазіргі таңда әлем таныған жұлдыздың туған жерін, әсіресе Ақтөбе қаласын танып – білуге құмартқандардың саны күн сайын толығуда. 2018 жылы «Kazakh Tourism ҰК» АҚ Димаштың ата-анасымен және Ақтөбе облысы әкімдігінің туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесе отырып әншінің дарынына таңдай қаққан жанкүйерлеріне арналған турмаршрут құрастырған болатын.

Осы турмаршрут кезінде мен де Ақтөбе қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжде соңғы курста оқып жатқанмын. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген жанкүйерлерді көріп, олармен өткізілген колледждегі жиналысқа, шеберлік сабақтарға қатысып, көкірегімді мақтаныш сезімі биледі. Музыкадан сабақ берген ортақ ұстазымыз – маэстро Марат Әйтімовтің шеберлік сабағы өте жоғарғы деңгейде өткені соншалық, түрлі тембр мен октаваларда ән айтқан студенттердің өнеріне сүйсініп, жанкүйерлер көздеріне қуаныштың жасын алды. Ән айтудың өзіндік әдіс-тәсілдерімен таныстырған ұстаз, танымал шәкіртінің студенттік өмірімен байланысты қызықты да көңілді әңгімелермен де бөлісті.

Менің Димашпен таныстығым негізінен, әріректен басталған болатын. Қызылорда облысы Арал ауданы Сексеуіл кентінде 6-сыныпта оқып жүргенімде Алматы қаласында ұйымдастырылған қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, әнші Майра Ілиясованың «Самға жұлдыз» атты бағдарламасына шақырту алып, қатысқан болатынмын (2011 жыл). Сол кешке Димаш та Ақтөбе қаласынан келген екен. Ол – А.Жұбанов атындағы колледждің студенті, мен – оқушы. Бала бола тұра оның бойындағы ерекше құбылысты байқап, дауысындағы тылсым құпияны сезген едім.

Бірнеше жыл өткен соң отбасым Ақтөбе қаласына қоныс аударып, мен де А.Жұбанов атындағы музыкалық колледждің студенті атанып, Марат Әйтімовтың шәкірті болдым. Сабақтан бос уақыттарда Марат Олжабайұлы Димаштың студент кезінен естеліктер айтып, өнерге жаны құмар болғанын әңгімелейтін. Осы көріністердің куәсі болған мен жанкүйерлердің ішкі жандүниесін тереңнен ұғына алдым.

Аталмыш тур барысында жанкүйерлер Димаштың туып-өскен үйін, барған балабақшасын, кәсіби өнер жолының бастауы болған музыкалық мектепті, тыңдаушысымен асыға жолығатын салтанатты залдарды, бір сөзбен: Димаштың дарынын дамытқан жерлерді өз көздерімен көріп, Астана және Алматы қалаларын аралап қайтуға мүмкіндік алды.

Димаш академиялық ән орындау саласында музыкалық білімін тәмамдағаннан соң Astana Opera мемлекеттік опера және балет театрына шақырту алады. Дегенмен, әнші поп-музыка, классикалық және дәстүрлі қазақ музыкасы элементтерімен әрленген заманауи музыканы таңдады. Жанкүйерлер

санының жылдам қарқынмен өсуі жоғарыда аталған таңдауының абзал болғандығын көрсетеді. Соған қоса, Димаш та өнерін тамашалап жүрген көрермендерін Отанын көріп-білуге үгіттеп жүр. Өз кезегінде еліміз бұл мақсатты іске асыру жолында жаңа мүмкіндіктер ашып, оңтайлы жағдай жасауда.

Көптеген адамдар Димаштың өнеріне тамсанып, оның шығармашылығына деген шынайы ілтипатын білдіреді. Сүйікті әншілерінің кіндік қаны тамған туған жерімен танысу үшін мыңдаған шақырымды артқа тастап, Қазақстанға келеді. Димаш әлемін зерттеушілердің жүргізген санағына сүйенсек, туристер әлемнің 60 елінен жиналған. Мысалы, Димаштың кішкентай малайзиялық жанкүйері – Заим өз отбасымен сүйікті әншісінің еліне келген. Заим өздігінен қозғала алмаса да, бұл оның сүйікті әншісінің еліне саяхаттауға еш кедергі бола қоймады. Бозбала Қазақстанға келгендігіне бақытты екенін айтып, Димаштың Малайзияда гастрольдік сапар өткізуін армандайтыны жайлы ой бөліскен.

Ал мұхит асып, Америкадан келген жанкүйерлер Димаш білім алған колледже болып, жаздың күні сыныптардағы қапырық ыстықты сезінгеннен кейін, оқушылар жайлы жағдайда білім алсын деген ниетпен оқу ордасына кондиционерлер сыйға тартқан болатын. Осы жанкүйерлердің қатарында болған Умут Сатрон: «Олар бұған лайықты. Алтын балалар!» - деген екен.

Астана, Ақтөбе, Алматы қалаларына ұйымдастырылған кездесулерде шет мемлекеттерден келген жанкүйерлер Димаштың жеке басына қатысты мәліметтермен қоса қазақ мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлттық өнері туралы терең түсініп, көрікті жерлерімізді тамашалауда. Сондай-ақ, еліміздің экономикасының дамуына да айтарлықтай үлес қосуда.

Осындай дәрежеге жетіп қана қоймай, қазақ елінің де мәртебесін көкке шарықтатқан Димаш Құдайбергеннің ата-анасы – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері Қанат пен Света Айтбаевтар. Болашақ жұлдыз бес жасында балаларға арналған музыкалық студияның фортепиано және вокал сыныбында оқыған.

«Үйде бір пианино тұратын (...). Димаш үнемі сол пианинода ойнап, дайындалатын. Содан студиядағы сабақтардың бірінде Димаш оқытушысына барып "Үйімде тұрған пианино маған мүлде ұнамайды, басым ауырып кетеді" деп айтқан. Сонда Димаш небәрі 5 жаста ғой. Сол кездің өзінде ол аспаптың ақауы бар екенін аңғарған», - деген еді сұхбаттардың бірінде Димаштың анасы.

Алты октава қамтитын вокалдық диапазоны кең Димаш 2014 жылы Ақтөбедегі Жұбанов атындағы музыкалық колледжді «Академиялық ән орындау» бойынша тәмамдаған. Кейінірек Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіне түседі. Кейін магистрлік оқуын белгілі композитор Кеңес Дүйсекеев класынан жалғастырып, тәлім алды.

Ол халықаралық байқауларға қатыспай тұрып, «Жас қанат – 2012», «Саз әлемі» сияқты тележобаларда өнер көрсетіп жүрді. Ал 2015 жылы Беларусьте өткен «Славян базарынан» жеңіп алған бас жұлдесі Димашты одан да танымал ете түскені сөзсіз. Шетелдік жанкүйерлері «Бұл неткен фантастикалық дауыс!», «Бұл жігітті қазақтың Витасы деуге болады» - деп таңданыс білдірген еді.

Димаш Құдайберген қатысқан ірі жобалардың бастысы «I am a Singer» байқауы. 2017 жылы Қытайдағы «I am a Singer» байқауының бірінші кезеңінде-ақ, «SOS d'un terrien en détresse» әнін орындап, жеңімпаз атанған еді. Ал байқаудың 7-кезеңінде бастапқыда «Адай» күйін тартып, кейін қазақ әні «Дайдидауды» Қазақ ұлттық өнер университетінің ұлттық аспаптар ансамблінің сүйемелдеуімен шырқап, тыңдармандарын тәнті еткен болатын.

«Дайдидау» әнін айтпас бұрын бар халыққа Құрманғазының "Адай" күйін тарттым! Бұл менің халқыма, бар жанкүйерлеріме арнайы тосын сыйым болатын! Миллиардтар қазақ күйінің үніне құрмет көрсетіп, қошемет білдірді!.. Мақсатым осы болатын...», - деген еді Димаш. Осы сөздерінен-ақ әншінің ата-анасының ғана емес, халықтың ұлы екенін көрсете алғанын байқаймыз. Әлем таныған шоқжұлдыз қай жерде ән шырқамасын ана тілі-қазақ тілінің туын биік ұстаған патриот ұл, елін қастерлеген адал перзент!

Өзінің тарапына айтылған мақтауға да, даттауға да үнемі байыппен жауап қайтаратын әнші сөз саптауы мен мәдениет дәрежесі бойынша да биікте тұрады. Айта кетейік, Димаш «I am a Singer» байқауының екінші кезеңінде Витастың «Опера-2» әнін орындаған болатын. Өзін Ресей әншісімен салыстырғандарға: "Әрине, Витас жақсы әнші, оны құрметтеймін, бірақ мен "Екінші Витас" емеспін! Музыкадан хабары бар мамандар мені жақсы түсінеді!» – деп, орынды жауап қайтарған еді.

Адамзатты тек адами құндылық деп түсінетін жас әнші – ешкімді ұлтына, жынысына бөліп-жармай, асылды – асыл деп тани алатындай өз ұстанымы бар мәрт жан. Мұны Қытайда атақты актер Джеки Чанмен кездескен сәтінен байқауға болады. Айтуынша, бала кезінен бері келе жатқан сүйікті актері оған өз ақыл кеңестерін беріп, шығармашылығын бақылайтынын жеткізген. Сондай-ақ, кездесу барысында қазақстандық әнші Джеки Чанға қазақ шапанын сыйлаған болатын.

«Бүгін менің өмірімде тарихи есте қалатын ерекше күн! Атақты актер Джеки Чан мырза мені теледидардан көріп, кездесуге шақырды! Кездесуде актер маған өзінің эксклюзив күртешесін және арнайы фирмалық ән тыңдау құрылғысын сыйға тартты! Ал мен актерге қазақтың шапанын жауып, домбыраны сыйға тарттым!» – деген еді әнші.

Димаш Құдайберген биыл АҚШ-тағы «The World's Best» шоуының көрермендерін өзінің таңғажайып диапазонымен таңғалдырған болатын. Әнші сахнаға шығар алдында көрермендер үшін Димаш жайлы арнайы видеоролик түсірілді. Онда әнші өзі жайлы айтады. Видеоның соңында отандасымызды «алты октавалық әнші» деп сипаттайды. Тыңдармандардың көпшілігі қазақстандық жас таланттың бір әнді бірнеше дауыста құбылтып, қиналмастан шебер орындайтынына таңдай қаққан еді.

75 миллион адам тыңдайтын радиоға сұхбат берген Димаш былтыр қарашада Лондондағы концертінен кейін шетелдік БАҚ өкілдеріне сұхбат берген болатын. Әлемдік жетекші басылымдарға арналған сұхбат сериясын қазақстандық әнші ВВС телевизиясы мен радиосын аралаудан бастады. Ұлыбританиялық ВВС жалпы ұлттық қоғамдық телерадио таратылымы ұйымының студиясында әнші қазақ тілінде бірегей сұхбат беріп, өз

шығармашылығын бөліскен еді. BBC «World Service» радиостанциясында музыкант «Cultural Frontline» сенбілік шоуы үшін өзінің табыс жолындағы тарихын бөлісті.

Осыншалықты жетістіктерге қол жеткізсе де, бірқалыпты қалпынан айнамайтын тұрақты мінезі мен жайдары бейнесімен миллиондаған адамның жүрегіне орын алған Димаш жанына жақын жандарымен үнемі байланыста жүреді. Оны мен ұстазы Марат Олжабайұлымен, жақын достарымен, отбасымен, ата-әжесімен қарым-қатынасынан байқап та, көріп те жүрмін.

Әншінің әжесі Миуа Низамутдинова сұхбаттарының бірінде немересінің ерте үйленгенін қалайтынын айтқан екен.

«Қандай қыз жолығатынын Құдай біледі ғой. Бірақ Димаш: "қазақы тәрбиесі бар, үлкендерді сыйлайтын, ата-анама ұнайтын қыз болса," - дейді. Мен оған: «әнші қыз ал, өзіңнің қасыңда жүретін» - деймін.

«Маған әнші қыздың керегі жоқ. Сосын баланы кім бағады? Сен баға бересің бе?» - деп қояды. Менің ойымша, үлкен адамдар жастарға жол сілтеп, қолдап отыруы керек. Енелері қарсы шығып, ажырасып жатады. Келінді қызындай көріп, ұлына жақтаспау керек. Келінді жақтау керек. Мен оқуыңды бітірген соң үйлен десем, өз деңгейіме жетуім керек, отызға дейін жүремін дейді. Мен ерте үйленгенін қалаймын. Осындай қазақтың аналарының тәрбиесін көрген ұл ел намысын да жоғары ұстайды.

Әлем үшін Димаш ерекше өнер адамы болғанымен, ата-анасы үшін бала, бауырлары үшін аға, ұстаздары үшін шәкірт болып қала бермек. Себебі, әр адамның қоғамдағы өмірімен қатар параллель жүретін жеке өмірі барын әсте естен шығармау қажет.

«Бала кезімнен қазақ сахнасында жүрген, өнердің биік шыңдарын бағындыра білген көптеген аға-апаларыма, ұстаздарыма еліктеп өстім. Қазіргі күні азды-көпті жетістіктерге жетіп жатсам, біз секілді жеткіншектерге үлгі бола білген майталман жандардың өнеріне сусындап өскенімнің нәтижесі деп білемін», – дейтін әлем сахнасының жұлдызы уақыт өте келе өзінің де болашақ үшін үлгі, түзу жол боларын біледі. Оны Астана қаласындағы өзі білім алған оқу орны Қазақ ұлттық өнер ордасына келген бір сәтінде мен дайындалып жатқан аудиторияға кіріп, біраз жол сілтеп айтқан сөздерімен аңғартқан болатын.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ойымды қорытындылай келе, қазақтың Димаштай ұлының осы күнге қалай жеткенін және қол жеткізген табысты жолдарын былайша жіктеп кеткім келеді.

Сәби күнінен бастап үлкен сахнада ән айтуды армандаған. Мектеп қабырғасында білім алып жүргенінде қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін зерделеп, музыкаға түсірген. Өлең жазып, әуен өндеген. 2010-2013 жылдар аралығында төрт бірдей ірі сайыста жеңімпаз атанды: Қазақстанда – «Байқоңырдың әсем дауыстары» халықаралық фестивалі, «Жас Қанат», Украинада - «Шығыс базары», Қырғызстанда – «Мейкин Азия». 2013 жылы ерекше танымалдылыққа ие болған Орал Байсеңгірдің сөзіне жазылған «Ұмытылмас күн» және әкесі Қанат Айтпаевтың сөзіне жазылған «Көркемім» әндеріне әуен жазып, үш музыкалық бейнебаян шығарды. Әжесінің айтуы

бойынша, Димаш барлық әндерін жанды дауыста толықтай беріліп айтатыны сонша, концерттен кейін жейделерін бір сығып алуға жарайды. 2016 жылы Димаш Бейжің қаласындағы «Black Gold Talent» агенттігімен келісім-шартқа қол қойды. 22 жасында Қытайда өткен «I am Singer» телевизиялық байқауының тарихындағы «ең жас» қатысушы атанып, қытайлық танымал орындаушылармен иық теңестіріп, байқау қорытындысы бойынша ақтық сынға жетіп қана қоймай, Гонкогтық Сэнди Лэмнен кейінгі екінші орынды иеленді.

«Тәңір өз назарына алған жас әнші» әрдайым жетістігімен қазақ елінің абыройын әлем деңгейінде асқақтата берсін!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Димаш» эссе-кітап, Оңайгүл Тұржанова, 2017 жыл, 20-58 б.
2. Жансая ШЫҢҒЫСХАН, «Ұлт мақтанышы: Дүлдүл Димаш», статья «Qazaq» <https://qazaq1913.com/2018/11/22/d-ld-l-dimash/> 22.11.2018
3. Дана Русланқызы, ««Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт»: Димаш Құдайберген дүние жүзін қалай бағындыруда?», статья, STAN.KZ <https://stan.kz/dimash-kudaybergen-kim/>,
4. Мақсат Тәж-Мұрат, «Димаштың дауысы және әлемнің 47 еліндегі бейтаныс таныстар», статья, Абай.КЗ <https://abai.kz/post/87166> 15 Наурыз, 2019

САМРУК: ОТ МИФА К МУЗЫКАЛЬНОЙ СКАЗКЕ

Нурғалиева Д.А., магистрант 2 курса специальности «Музыковедение»,

Казахский национальный университет искусств

Научный руководитель – кандидат искусствоведения, профессор

Альпеисова Г.Т.

Самрук – чудо-птица, чей образ встречается в культуре многих народов. Происхождение этой чудо-птицы корнями уходит в мифологию. Первые упоминания птицы Саэна (saēnō mэгэүө) имеются в священной книге зороастрийцев «Авеста». Ее название обозначает священная птица [1, с. 350].

Мифология разных народов по своему описывала ее. Представление о птице в сознании людей отличалось друг от друга, но общим было наличие волшебных, огромных крыльев. Далее, описание птицы разнится: ее представляли то в облике женщины (голова, грудь), то с львиным или собачьим туловищем, лапами и так далее. Она представляла собой химерический образ, то есть скрещенный, невероятный, фантастический [2, с. 572 - 573].

Уже в «Авесте» были даны описания ее чудо-возможностей: сила волшебного пера, костей [1, 349-350]. Тот, кого одаривала птица этой атрибутикой, становился неуязвимым в глазах противника, исцелялся, преодолевал препятствия и был на верном пути к одолению злых сил и, как правило, одерживал победу. В этом же произведении описывается происхождение названия птицы от Саэно – Симург, от которого будут

отталкиваться дальнейшие производные созвучные названия птицы в других культурах. Так, например, у таджиков Симуруғ, казахов – Самұрық, у узбеков птица носила название Семург, в азербайджанской культуре Симурк, в башкирской культуре встречается мифологический персонаж – птица Самрау, у восточных славян встречается божество Симаргл, отдаленно имеющее косвенное сходство с птицей Самрук.

В описаниях встречается и дуальность ее образа – чаще всего птица положительный герой мифов и легенд, но так же, в отдельных преданиях, присутствовали ее демонические описания.

В казахской культуре Самрук – гигантская птица, олицетворяющая собой небесный мир. Ее изображали в виде полуженщины-полуптицы.

Феминная, девичья, женская тематика в мифологии имела свою популярность у многих народностей. Считалось, что именно в женщине проявляется это священное, сакральное начало - Женщина-мать, начало жизни. В казахской культуре женщина не ущемлялась в своих правах, напротив она активно участвовала в социальной жизни, в определенных вопросах была наравне с мужчинами. В других культурах с ними советовались как с оракулами, например в греческой, европейской мифологии (германцы, французы и другие). Вознесли женщину на этот пьедестал по той причине, что преобладают такие представления о ней, как женщина, это Первичный Хаос, предначало жизни, продолжение рода, зарождение нового [3]

Казахская птица Самрук, Самұрық, Алып қара құс была центральным образом в многочисленных мифах, легендах, сказках, преданиях и ее символическое значение до сегодняшнего дня не теряет своей актуальности и резонирует в современной культуре Казахстана, в том числе музыкальной.

В мифологии, птица олицетворяла небесный мир, так как она была представителем Верхнего мира. Спускаясь в мир человека, она гнездилась в ветвях Мирового Древа Байтереке – который символизировал эту связь между Верхним и Нижним мирами. Раз в несколько лет Самрук откладывала яйца, которые означали собой смену времен года, начало нового цикла, источник жизни и возрождения. Так же волшебным считалось ее пение, услышав, как поет чудо-птица непременно тебя настигнет удача и благополучие. Так же птица была олицетворением справедливости.

Величественная, с огромными крыльями, одним взмахом могла заслонить небо, сменить день на ночь. Ее яркое оперение освещало земли наших предков, а волшебные силы ее пера придавали сил, ловкости и преимущества перед врагами. Самрук считали покровительницей главных героев мифов, легенд и сказок. Она встречалась на пути путников, помогала обездоленным, потерявшим силы.

«Птицы символизируют человеческие души. Почти так же широко было распространено представление о том, что души нерожденных детей в виде птенцов находятся в гнездах на ветвях Мирового Древа, где их пестует гигантская птица – Симуруғ, Алып Карақұс, Мать-Хищная Птица, Гаруда, символизирующая Мировой или Божественный Дух». [4, 90 с.]. Культ природы,

связанный с символами неживой природы тесно взаимосвязан и с миром живой природы. [5].

Самрук как тотем – это тоже часть культуры кочевых тюркских народов. Тотемизм представлял собой локальную первобытную религию. Тотемы связывали с анимистическим происхождением, так как древние люди, племена идентифицировали себя таковыми, связывали свое происхождение от определенных животных, смотря кто был выбран объектом тотема, или поклонялись им, чтобы божества не прекращали их оберегать, защищать, посылать блага. Тотемизм «это первая форма сознания единства групп людей». Это не являлось откровенной религией, напротив это было вроде небольшого культа, веры, которая в дальнейшем подкреплялась созданием тех или иных ритуальных обрядов, требуя определенных условий, атрибутики. [6, с. 376, 478 – 479]

Самрук, являясь тотемом казахского народа, представляла связь с духовным миром и основы мироздания, кочевого образа жизни номадов. В тотем Самрук закладывали смысл что это сила, мудрость, плодородие. Отдельные народы считали, что их племена берут начало от сакральной птицы. Ее образ встречался в древних греческих преданиях, Стерегущие золото Грифоны, у археологических памятников Алтая находились эмблемы, украшения в виде чудо-птицы. История тотемов связанных с Самрук и ее аналогиями в других культурах, уходит далеко в прошлое, еще в эпоху Ацтеков.

Сказки – ертегілер – для наших предков занимали особое место. Сказки выполняли не просто развлекательную функцию для детей, но так же и воспитательную: серьезные темы, напутствия передавались молодому поколению в игровой форме, добавляя красочные моменты, много волшебства, комических моментов, но основной посыл был намного глубже. В сказках они умудрялись передать накопленный многовековой опыт и путь предков. Сказка в нашей культуре это своего рода исследование, обобщение, которое говорит с нами на языке образной символики. В небольшое фантастическое повествование закладывалась информация о законах Вселенной, богах, покровителях, подвигах героев, философский обобщенный опыт минувших лет, о космосе, территории, на которой они располагались, об истории.

